

Н.С. Кольева, Е.В. Шевчук, Э.Б. Ержанов

ИНФОРМАТИКА

Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқулық

*Казақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы "Мектеп" 2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 32.973я72
К51

Кольева Н.С. т.б.

К51 **Информатика.** Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған
окульж. — Алматы: Мектеп, 2019 — 104 б.

ISBN 978—601—07—1262—1

К 4306020500—087
404(05)—19 12(1)—19

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 32.973я72

ISBN 978—601—07—1262—1

© Кольева Н.С., Шевчук Е.В.,
Ержанов Э.Б., 2019
© "Мектеп" баспасы,
көркем безендірілуі, 2019
Барлық құқықтарды қоргалған
Басылымның мұліктік құқықтары
"Мектеп" баспасына тиесіл

KIPICPE

Қазір көнімдә акпараттың шамадан тыс көбейген тұсы. Компьютерлік техника автоматты немесе автоматтандырылған күрылғыларды колданып, аса күрделі амалдарды адамдардың акпаратты өндөу жылдамдығынан миллион есе жылдам орындауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі маман басқаруда батыл қадам жасайтын жоғары акпараттанған көнімнің жаңа шарттарымен жұмыс істеуге дайын болуы керек. Ол информатика саласын, компьютерлік техниканы колданудың практикалық дағдысын, қазіргі акпараттық технологияларды, акпараттық жүйелермен жұмыс істеудің негізгі принциптерін, акпараттың толықтығын және дәлдігін бағалай білуі керек. Бұған информатика окулығы өз көмегін тигізеді.

Окулықта берілген шартты белгілер кажетті акпаратты мен-геруге көмектеседі.

Авторлар

Шартты белгілер:



— мұны білудерің жаңет



— өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар



— бакылау сұрақтары мен тапсырмалары



— компьютерде орындаудың практикалық жұмыстар

А деңгейі


— оқу-танымдық тапсырмалар

В деңгейі

— танымдық-зерттеу тапсырмалары

С деңгейі

— шығарма-шылық тапсырмалар



Ақпаратпен жұмыс

**1-
ТАРАУ**

Бұл тараудан білесіндер:

- ▶ ақпараттың қасиеттерін;
- ▶ Google-дің бүлттық технологиясын, бірлескен электрондық күжаттармен жұмыс істеуге арналған дискіні;
- ▶ аккаунттың не екенін.

Мынаны үйренесіндер:

- ▶ ақпараттың қасиеттерін анықтауды;
- ▶ Google-де аккаунт күруды;
- ▶ Google сервисін пайдаланып, ортак ұжымдық презентацияларда слайд жасауды;
- ▶ бірлескен электрондық күжаттармен жұмыс жасауды;
- ▶ Google-де бірлескен презентацияларға катысу параметрлерін басқаруды;
- ▶ желідегі этикалық және күкүктық нормалардың бұзылу салдарын талдауды.

§1 Ақпараттың сипаттары

Бүгінгі сабакта:

- ▶ ақпараттың қасиеттерін анықтауды (өзектілігін, дәлдігін, нақтылығын, күндыштылығын);
- ▶ компьютерде ұзак уақыт жұмыс істеуді сынни түрде бағалауды үйренесіндер.

Tірек үғымдар:

- ▶ ақпарат;
- ▶ ақпараттың жинақтылығы;
- ▶ ақпараттың күндыштылығы;
- ▶ ақпараттың өзектілігі;
- ▶ ақпараттың дәлдігі;
- ▶ ақпараттың нақтылығы;
- ▶ ақпараттың түсініктілігі;
- ▶ репрезентативтік;
- ▶ колжетімділік.

Қоғамның экономикалық дамуы, адамдардың өмірі мен деңсаулығы көзінде ақпараттың қасиеттеріне тәуелді. Кез келген жағдайда алынған ақпарат қаншалыкты түсінікті, өзекті, пайдалы және мәліметтер шынайы екенін бағалау үшін ақпараттың қасиеттерін талдайық.

? Сендерге кез келген ақпарат көмектесе ала ма? Неге кейбір адамдар қандай да бір ақпаратқа бірден көніл аударады, ал кейбіреулері бұл ақпаратқа немікүрайлы қарайды?

Ақпарат қасиеттерінің маңыздылығы нақты бір жағдайда анықталады. Адамдар бір ақпаратты әртүрлі қабылдайды. Мысалы, теледидардан шетел валютасының бағамын көрсеткен кезде көп адамдар бұл ақпаратқа көніл аудармайды, ал кейбір адамдар валюта айырбастау үшін асығып банкке барады. Демек, ақпарат әртүрлі қасиетке не болғандықтан, кез келген адам оны түрліше қабылдайды.

Кейбір жағдайларда ақпараттың өзектілігі, анықтығы, колжетімділігі және түсініктілігі сияқты қасиеттері маңызды (мысалы, шет тілін білмеген балаға сол тілде жазылған кітаптар түсініксіз болады).

Ақпаратты қолданудың шілділігі өзектілік, қолжетімділік, нақтылық, репрезентативтік, тозықтық, жеткіліктілік сияқты қасиеттермен байланысты .

Ақпарат бір адам үшін құнды болса, ал басқа адам үшін ешкандай мағынасы болмауы мүмкін. Мысалы, басқа қаладағы ауа райы туралы ақпарат көп адамдарға қажет емес, бірақ сол қалаға іссапармен баратын адамдар үшін бұл ақпарат құнды болып табылады. **Құндылық** (пайдалылық) — ақпарат қасиеттерінің бірі.

Ақпараттың тағы маңызды қасиеттерінің бірі — **өзектілігі**. Ақпараттың өзектілігі адам немесе қоғам үшін бұл мәліметтер қаншалыкты маңызды екендігімен және мәселені шешуге қажетті нақты жағдайда қолданылуымен анықталады. Бұл қасиет көбінесе ақпараттың пайда болған кезінен бастап өткен уақыт аралығында, сонымен катар жағдай қаншалыкты тез өзгеретініне тәуелді.

Тек уақытында алынған өзекті ақпарат кана адамға маңызды болып табылады. Мәселен, ауа райы болжамын да бір күн бұрын хабарлайды.

Ақпараттың қолжетімділігі оның түсінікті және нақты түрлендірілуін қамтамасыз етеді. Қабылдаушыға бір ақпаратты әртүрлі түрде ұсынуға болады.

Кабылдаушыга ақпаратты түсінікті түрде қажет және түсінікті тілде көрсөнү .

Мысалы, 10-сыныпка арналған физика оқулығындағы ақпарат 8-сынып окушысына мұлдем түсініксіз, себебі, оқулықта таныс емес ұғымдар мен формулалар бар. Керінше 8-сыныпка арналған физика оқулығы сол сынып окушыларына түсінікті ақпаратты қамтиды, бірақ жоғары сынып окушысы осы оқулықтан ешқандай жаңалық таба алмайды.

Кітап дүкендеріндегі балалар әдебиеті бөлімінде әрбір кітапта қай жас аралығындағы оқырманға арналғаны көрсетілген. Бұл ақпарат сол көрсетілген жастағы оқырманға қолжетімді және түсінікті екенін білдіреді.

Казіргі уақытта кітапханаларға енгізілген кітапханалық каталог ақпаратты іздеу жүйесін жөнделетеді. Ол сұраптадан тақырып бойынша оқулық туралы ақпаратты оқырманға қолжетімді және ынгайлы түрде беретіндей етіп жобаланған. Фалымдар түрлі табиғи апаттар кезінде алдын ала ескертудің жылдам және сенімді тәсілдерін осы ережеге сәйкес іздестіруде.

Ақпараттың анықтылығы нақты нысанның, процестің немесе оқиганың жағдайын қамтып көрсететін қасиетімен анықталады . Бұрыс ақпарат жағдайды теріс түсінуге әкелуі мүмкін, оның салдарынан дұрыс шешім қабылданбайды.

Ақпараттың қонтігі дұрыс шешім қабылдау үшін мәліметтің жеткілікті деректер жинағын қамтитынын білдіреді . Нысан туралы қандай да бір қосымша ақпарат көп болса, онда ақпараттың қолжетімділігі туралы айтуда болады.

Ақпараттың көптігі оның мағыналық мазмұнымен байланысты. Ақпарат жеткілікті болмаса, ол шешім қабылдаудың тиімділігін төмендетеді.

Сонымен, ақпарат *өзекті* , қолжетімді , нақты және көп болуы қажет.

Ақпараттың жеткіліктілігі — ол алынған ақпараттың көмегімен жасалынған бейненің нақты нысанга, процеске немесе оқигага сәйкестігі . Нақты өмірде ақпараттың толық жеткілікті болуы екіталай. Нысанның нақты күйіне ақпараттың сәйкес болу дәрежесі адамның қабылдайтын шешіміне әсер етуі мүмкін.

Мысалы, сендер мектепті табысты аяктап, білімдерінді экономикалық бағытта жалғастыруды қалайсындар. Жолдастарыңмен ақылласып, мұндай дайындықты әртүрлі ЖКОО-да алуға болатынын білесіндер. Бір-біріне қайши келген әртүрлі мәліметтер, алынған ақпараттар, істің нақты ақпаратына сәйкес келмеуі мүмкін. Себебі

накты акпарат алу үшін ЖОО-ның ресми сайтын немесе экономикалық мамандыктардың рейтингісін көрсететін түрлі сайттарда берілген накты акпаратка сүйенулерің кажет.

БУЛ КЫЗЫК!

Википедияда берілген акпарат қаншалыкты шынайы?

Егер Google-ге “Википедиядағы акпарат қаншалыкты дұрыс?” деген сұрақ койсак, онда осы тақырып бойынша Википедияның келесі мақаласына сілтеме ашылады. (“Википедияның сенімділігі”). 2005 жылы гальмдар Википедиядағы ғылыми мақалалардың сапасын тексерді. Нәтижесінде, мамандар сарапшылардың талдау жасаган 42 мақалалары арасынан көптеген кателіктер анықтайды.

Википедия акпараттың нактылығын тексеретін басқа да арнайы энциклопедиялармен салыстырғанда жүргізілген зерттеулердің нәтижесі қанағаттанарлық болды.

Дегенмен де әрбір адам акпаратка түзету енгізе алатын болғандыктан, берілген деректер басқа бұрыс мәліметпен өзгеруі де мүмкін.



Ақпараттың репрезентативтігі ақпаратты таңдау дұрыстырымен және нысанның қасиеттерін дәлме-дел бейнелеу арқылы ол ақпаратты қалыптастыруға байланысты . Ақпараттың репрезентативтік қасиетін анықтаудың міндепті шарты — әртүрлі дереккөздерден ұксас акпаратты іздеу. Барлық дереккөздерден келіп түскен акпарат бірдей болмайтыны түсінікті. Бірақ егер барлығы дұрыс болса, онда алынған акпарат нысанның манызды сипаттамаларын көрсетеді.

Мұнда ен бастысы — берілген әдістемелер мен акпаратты таңдау мен бағалау әдістері.

Мәселен, қаланың әлеуметтік қызметкерлері анта сайын әрбір отбасы орташа азық-түлікке қанша ақша жүмсайтынын анықтауы кажет делік. Осы мәселені шешу үшін әлеуметтік қызметкерлер әрбір қаланың тұрғындарынан сұрақ-жауап алу арқылы оны анықтайды деу мүмкін емес. Демек, сұрастырылатын адамдар тобын таңдау кажет. Сұраудың нәтижесінде іріктеу деп аталатын акпарат массиві қалыптасады. Сонымен катар, сұрастыру әдісін, жиналған деректерді өндеу, бағалау және талдау әдістерін анықтау керек. Алынған нәтижелер қаланың көп тұрғындарына

тән жағдайды көрсететін болса, онда тандаған адамдар тобын сұрастыру нәтижесінде алынған акпараттың репрезентативтігі туралы айтады. Акпараттың жеткіліктілігі мен репрезентативтігі туралы қорытындылар *статистика* және *математикалық статистика* деп аталатын ғылым саласы айналысадын арнаны әдістердің негізінде жасалады.

Сонымен қатар акпарат *объективті* немесе *субъективті* болуы мүмкін (біреудің ой-пікіріне тәуелді немесе тәуелсіз). “Еуропада қыс мезгілі сүйк” хабарламасы субъективті, себебі европалық қыс мезгілі біреулер үшін сүйк (мысалы, Онтүстік Қазақстан тұрғынына), ал кейбіреулер үшін (мысалы, Солтүстік Қазақстан тұрғындарына) жылы болып көрініп мүмкін. “Аяғ температурасы -20°C ” деген хабарламаны әрбір адам өзіне накты қорытынды жасайтын объективті акпарат ретінде қабылдайды.



Бірдей хабарланған акпарат түрлі адамдар үшін әртүрлі қасиеттерге не болуы мүмкін.

Ең манызды қасиеттері накты жағдай үшін ерекшеленген бірнеше мысал қарастырайық.

1-мысал. Таңертең мектепке жиналған кезде міндettі түрде сағатка қарайсындар: ол объективті акпарат көзі. Қандай киім кию керек екенін анықтау үшін терезеге немесе термометрге қарайсындар. Мұнда акпараттың өзектілігі манызды. Содан кейін сабак кестесіне сәйкес сабак болатын кабинетті іздең табасындар. Бұл толық және накты акпарат, ол болмаса қажетті кабинетті таба алмай қалуларың мүмкін.

2-мысал. Сендерге сапардың бағдарын анықтау, жаңа елмен танысу, тарихи оқиғаларды зерттеу үшін географиялық картаны колдану керек. Картаны адамдар әркашан бағдар жасау үшін акпарат көзі ретінде пайдаланады. Накты аймакпен сәйкестендіру және құрылыш жұмыстарын үйлестіру сиякты міндettter картаның көмегімен шешіледі. Сондықтан мұнда накты аймактың картасы камтитын акпараттың жеткіліктілігі маңызды.

3-мысал. Қазіргі уақытта компьютер немесе мобиЛЬДІ құрылғылардағы карталар — геоакпараттық жүйелер көпшілікке мәлім. Оларда жолсеріктерден келетін акпараттар өндөледі және талданады. Мұндай жүйелер дәстүрлі емес міндettterді шешуге көмектеседі:

— сату көлемі мен нарық әлеуетін жобалайды, сондықтан демографиялық деректер дүкендер мен тауар сұрыпталымы туралы акпаратты көрсете алады;

- экологиялық апаттардың салдарын жою үшін тиімді шешімдерді талдайды;
- гидрографиялық желі модельдерін күру және су таскыны болуы мүмкін аймактарды аныктайды;
- Жер бедерінің моделін кұрастырады.

Барлық карталар тек мамандар түсінетін арнағы тілмен “жазылған”. Бұл акпаратты барлық адамдар қабылдаған, пайдалана алмауы мүмкін. Эрбір таңба сол маман үшін накты, объективті және түсінікті акпаратты қамтиды.

4-мысал. Заманауи “ғарыштық технологияларда” әртүрлі құралдардан алынған акпарат шешуші рөл аткарады. Мысалы, ғарыш станциясының Күнге қатысты орналасуы оның Күн батареясының жұмысына тәуелділігінде. Кішігірім кателік болса, ғарыш кемесінде қуат көзі азайып, апатқа алып келуі мүмкін. Мұндай акпарат өзекті, накты және толық болуы керек.

Бақылау сұрақтары



1. Эрбір адам үшін акпарат дегеніміз не?
2. Акпарттың қасиеттерін атанадар. Оған сипаттама беріңдер.
3. Көп және аз, анық және анықталмаған акпаратқа мысал келтіріндер.
4. Бір акпарттың адамдар үшін әртүрлі қасиетке не екендігіне және оны көпшілік бірдей қабылдамайтынына мысал келтіріндер.

Практикалық жұмыс

А деңгейі

Келесі мысалдарда кездесетін акпараттардың қасиеттерін анықтандар:

- Келесі күні мұғалім барлық есептердің жауаптарын іліп койды.
- Математика пәнінен бақылау жұмысы жүруде. Сен көршиң мен есептің шешімін сұрадын. Ол берген қағазда толық және дұрыс шешім жазылған, бірақ жазуы түсініксіз.
- Көрші елді жауап алардың алдында парсы патшасы бақсыға келип: “Мен өзімнің әскерлеріммен шегаралық өзеннен өтсем не болады?” — деген сұрақ койды. Бақсы: “Тақсыр, сен ұлы патшалықты жоясын”, — деді. Мұндай болжамнан кейін

патша өзінің әскерімен өзен арқылы жорыққа шыкты да жаудың әскерінен жеңіліс тапты. Қатты ашуланған патша бақсыга өтірік айттың деп қайта барды. Сонда бақсы: “Таксыр, сенің патшалығың ұлы болмады ма?” — деп жауап берді.

В деңгейі

Мысал келтіріндер:

- 1) анық, бірақ өзекті емес акпарат;
- 2) өзекті, бірақ анық емес акпарат;
- 3) толық, анық, бірақ пайдалы емес ақпарат;
- 4) өзекті, бірақ түсінікті емес акпарат;
- 5) өзекті, бірақ репрезентативті емес акпарат.

С деңгейі

Халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағынан мақаланы оқындар. Мәтіннің жазылу стилін сактап, оның мазмұнын өзертіндер.

“Кеп ядролы процессорлардың дамуы жабдықтың бірдей өлшемімен өнімділікті жоғарылатуына, құрал-жабдықтың өзіндік құнын азайтуға және операциялық шығындардың нәтижесінде бұлтты жүйені колданудың төмендеуіне әкеліп соктырды. Бұл көптеген Деректерді өндеу орталықтары үшін (ДӨО) қуаттылықты арттыру кезінде үлкен қынышық тудырды. Акпаратты тасымалдау көлемінің ұлғаюы 1 Mb акпарат сактау құнының төмендеуіне және сакталатын акпарат көлемінің шектеусіз ұлғаюына алыш келді. Акпараттың жүйеде сакталған деректер көлемінің көбеюі басқа да акпараттарды сактауды қамтамасыз етуін төмендетті. Кеп ағымды бағдарламалау технологиясының дамуы көпроцессорлық жүйелердің есептік ресурстарын — “бұлтты” есептеудердің қуатын біркелкі тиімді пайдалануға әкелді. Виртуалды технологияның дамуы интернет желісі арқылы виртуалды инфрақұрылымның болуын желілік откізу кабілеті деректер алмасу жылдамдығын, интернет-трафиктің құнын төмендетуге және бұлтты технологияларға кол жеткізуға мүмкіндік берді. Осы факторлардың барлығы Акпараттың технологиялар саласында бұлтты технологиялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға алыш келді”.

Широкова Е.А. Бұлтты технология //
Техника ғылыми-зерттеушілік көрсеткіштері

Рефлексия:

Менің білгенім... . Енді мен ... қолдана аламын.

§2-3

Күжаттармен бірігіп жұмыс істеу

Бүгінгі сабакта:

- бұлттық технологияларды колдана отырып, күжаттармен бірлесе жұмыс істеуді үйндастыруды үйренесіндер.

Tірек үғымдар:

- бұлттық технологиялар;
- күжаттармен бірлескен жұмыс.

? Бұл сыйнынан бірдей уақытта бір құжаттан жұмыс істеге бола ма? Мысалы, бірі мәтінді өңдейді, екіншісі кестелер қосады, ал ушіншісі үл уақытта суреттермен жұмыс істеуі мүмкін. Нәтижесінде азгана уақыттың ішінде суреттері және сымбалары дайын құжатты алу мүмкін бе?


Бұл параграфта Google-де күжаттармен жұмыс істеу принциптерін, мысалы, мәтіндерді, кестелерді біркітіріп қалай өндеуге болатынын, сондай-ақ жалпы файлдарды оку мүмкіндігін қалай қамтамасыз ету керектігін қарастырамыз.

Google-дің бұлттық сактау қызымет дискін интернетте 15 Гб-ка дейін акпаратты сактауға мүмкіндік береді (2.1-сурет). Google дискісімен жұмыс істеу үшін Google аккаунтын құру керек. Егер




2.1-сурет

gmail.com пошталық жәшікті құрсандар, аккаунт автоматты түрде орнатылады. Кез келген пошталық серверде аккаунт құруға болады. Google дискісінен файлды жүктеу үшін аккаунтқа кіру кажет. Файлдарды жүктеу үшін Менің дискім (Мой диск) → Құру (Создать) тармағын тандау керек (2.2-сурет).



2.2-сурет



2.3-сурет

Сондай-ак Google диске электрондык кестелермен және презентацияларға арналған өзінің қосымшаларымен, құжаттармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді (2.3-сурет).

Аталған қызметте кенсе құжаттарымен жеке және басқа пайдаланушылармен бірге де жұмыс істей аласындар.

Мұны орындау үшін, жана құжат күрганнан кейін, ол мәтін, кесте немесе презентация болсын, *Kіру параметрлері* (Настройка доступа) батырмасын басу арқылы басқа пайдаланушыларға колдану рұқсатын косу жаңет.

Содан кейін файлдармен қандай әрекеттерді орындау керектігін анықтандар. Мәселен, белгілі бір адамдарға мазмұнды көрүге, оку үшін, түсініктемелер калдыру немесе редакциялау мүмкіндігін беруге болады (2.3-сурет).

Ашылмалы тізімнен қатынасу деңгейін таңдаپ, оған колдануға рұқсат берілетін пайдаланушылардың электрондык пошта мекенжайларының тізімін енгізуге болады.


Сілтемеге қол жеткізу (Доступ по ссылке) батырмасы жоғарыда орналасқан. Одан кейін, осы құжатқа сілтеме барлық пайдаланушыларға колжетімді болатын әрекеттерді таңдау арқылы параметрді (опцияны) конфигурациялауға болады.

Осы әдістің артықшылығы — әрбір пайдаланушыны жеке косу қажеттілігінің болмауы. Алайда оның кемшілігі: кез келген кездейсок адамға осы парапша колжетімді болады. Бірақ кейде құжатты жалпыға колжетімді етіп, сілтемеге тек окуга арналған қатынасу мүмкіндігін беру ынғайлы, содан кейін файлдарды өндеуге қатысатындар үшін электрондық пошта мекенжайларының тізімі қосымша көрсетіледі. Ол үшін *Кеңейтілген* (Расширенный) сілтемесін басып, құжатқа қатынау мүмкіндігі бар пайдаланушылар тізімін және олар қандай құқықтарға ие екенін карандар.

Құжатқа қатысты кез келген пайдаланушының құқығын өзгертуге, сонымен қатар оны қосып немесе жоя аласындар (2.4-сурет).

Жаңа пайдаланушы файлға қатынау мүмкіндігіне рұқсат бергенде, өздерінің электрондық пошталарына сәйкес хабарлама алады және жаңа файлға сілтемені пайдаланып байланыса алады.

Құжаттармен *online* түрінде бірігіп жұмыс істеген кезде бір уақытта осы файлмен қанша пайдаланушы жұмыс істеп отырганын



2.4-сурет


белгішелер арқылы көруге болады. Сонымен катар чат батырмасын басу арқылы күжатты талқылап, пікірлерінді калдыра аласындар.

Күжатпен жұмыс істеу барысында нақты уақыттағы белгілі әрекеттерді көруге болады, мысалы; бір пайдаланушының қай жерде орналасканын, жасаған әрекеттерін, жою, өндеу және т.б. (2.5-сурет).

Осылайша кез келген күжаттармен бір уақытта бірігіп жұмыс істей аласындар. Бұл тез және ынғайлы, ең бастысы күжаттармен кез келген күралда жұмысты жалғастыруға болады (2.6-сурет).

Сондай-ак заманауи компьютерлерді, ноутбуктерді және ұялы телефондарды үзак уақыт пайдаланудың мынадай зиянды жақтары бар:

- компьютер мониторына жақын отырсандар, көзге кеп жүктеме түсіп, көздің көру қабілеті нашарлайды;
- егер ұзак уақыт бойы қозғалмай компьютерде отырса, омыртқа жотасына, бұлшық етпеге салмак түседі және қан айналымының бұзылуына әкеліп согады;
- компьютер мен принтер жұмыс істегендегі қосымша шудың деңгейі өсіп, миға қосымша жүктеме түседі;



2.5-сурет

В данный момент соавторов нет, но вы можете добавить пользователей, которым будет предоставлен доступ.

Пригласить пользователей:

ildar@mail.ru

Редактор

Оповестить по элэ
почте - Добавить соо

Открыть доступ

✓ Редактор

Может оставлять комментарии

Читатель

2.6-сурет

- егер ұзак уақыт ойын ойнайтын болсандар, ол сендердің эмоционалдық жағдайларына әсер етуі мүмкін;
- компьютердегі үлкен акпаратты өндеу ұқыштылыкты және тиянақтылықты талап етеді, ал ол жүйке жүйесіне әрі эмоционалдық күйзеліске алып келуі мүмкін.

БҮЛ ҚЫЗЫҚ!

Microsoft компаниясының негізін қалаушы Билл Гейтс балаларына компьютерлер мен мобиЛЬДІ құрылғылармен күнделікті 45 мин және демалыс күндері бір сағат ойын ойнауга болады деген шектеулер енгізді. Ол компьютер тек үй тапсырмаларын орындау үшін қолдану керек деп есептеген.



Бұлттық технологиялар (есептеулер) — бұл компьютерлік ресурстар мен қуаттарды пайдалануышыга интернет-қызметінің көмегімен деректерді өндеуге мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары



1. Бұлттық технологиялар дегеніміз не?
2. Бұлттық технологиялар кандай мүмкіндіктер ұсынады?
3. Бұлттық технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атандар.

Практикалық жұмыс

A деңгейі

1. Google аккаунтын күрындар немесе қолданыстағы аккаунттарыңа кіріндер.
2. Google Drive (диск) кызметін пайдаланып, бірнеше бума ашындар, деректерді жүктеп, түрлі бумаларға орналастырындар, файлды жүктендер, кейін оны жойындар.

B деңгейі

“Бірлесіп презентация жасау”.

Әрбір окушы әртүрлі нысандарды (фотосуреттер, бейнерлер, кестелер және т.б.) пайдаланып, “Өзім жайлы” деген бет дайындаудар. Презентация слайдтарының дизайнын, мазмұнын бірге талқыландар. Google бүлттық кызметінің көмегімен сиынштарың туралы презентация әзірлендер.

C деңгейі

“Google Form арқылы интернет-сауалнама жүргізу”,

1. Google-де аккаунт жазбаларынды күрындар немесе оған кіріндер.
2. Кез келген сегменттегі (өнім, қызмет, бренд) тұтынушылық преференцияларды зерттеу үшін сауалнама формасын жасандар.
3. Аталуына өздерінің тектерінді енгізіндер.
4. Әртүрлі сұраптарды (3-тен кем емес) дайындаудар.
5. Мазмұн тақырыбын қолданындар.
6. Мазмұнның сипаттамасына жауап беруші респонденттің жіберген уақытына алғыс айтындар. Онын бұл сауалнамага қатысуы ете манызды екенін ескертіндер.
7. Тексеру мәтінінің сонына “Сауалнамага қатысқанын үшін ракмет” сөйлемін енгізіндер.

Рефлексия:

Менің білгенім... . Енді мен ... қолдана аламын.

54

Желілік этикет

Бүгінгі сабакта:

- желіде жұмыс істеу барысында этикалық және құқықтық нормалардың бұзылу салдары туралы ой корытып айтуды үйренесіндер.

Tірек ұғымдар:

- желілік этикет;
- компьютерлік этика;
- нетикет (сетикет);

Интернетте де, әдеттегідей қарым-қатынастың белгілі бір ережелері бар. Егер кәдімгі өмірде бұл қарым-қатынас этикасы болса, онда информатикада бұл — *компьютер этикасы*.



Компьютер этикасы аппаратты колданушылардың мінездікіліктерін зерттейді.

Мысалы, интернеттен материалдарды көшіру кезінде авторлық құқыктар туралы естен шығармау кажет. Интернеттегі кез келген акпарат (мәтін, суреттер, фотосуреттер, бағдарламалар, ойындар) авторлық құқықпен корғалған. Бұл акпаратты өз максаттарын үшін автордың келісімімен ғана пайдалана аласындар. Мысалы, электрондық пошта арқылы автордың жазбаша рұқсатын алуға болады. Кейде веб-параптарда материалдарды пайдалану шарттары: материалды сактап, кешіруге болатыны көрсетіліп тұрады.

Егер қандай да бір такырып бойынша реферат дайындаған кезде интернеттегі акпаратты колдансандар, авторды (егер белгілі болса) және акпарат алынған деректер көзін, веб-сайттың мекенжайын көрсетіндер.

“Авторлық және сабактас құқыктар туралы” Қазақстан Республикасының Зандарында қандай жағдайларда автордың келісімінсіз акпарат пайдалану мүмкін екендігі жазылған.



Нетикет дегеніміз не?

Бұл ұғым XX ғасырдың 80-жылдарында пайда болды.



Нетикет (ағылшынша *net* — “желі”) — мінездікіліктері, интернет желісіндегі қарым-қатынас, интернет-қоғамдастықтың көшілігі колданатын ережелер.

Виртуалды тілдесу — шынайы өмірдегі тілдесуден өзгеше. Көп адамдарға болашақта мүмкін кездеспейтін бейтаныс адам-

дармен, жолсеріктермен, кездейсок әнгімелесушімен және т.с.с. сөйлесу онай. Мұндай қарым-қатынаста тәуелділік жойылып, байланыс “таза беттен” басталады. Шамамен, желідегі қарым-қатынас кезінде де осылай: тілдесушілер бір-бірі туралы ештеңе білмейді, адамгершілігі туралы да, кемшилігін де; ешкімді ештеңе кызықтырмайды. Мысалы, оның мектептегі бағалары т.с.с. Барлығы бастапқыда бірдей деңгейде болады. Осының барлығы адамға өзін еркін сезінуге көмектеседі, бірақ оның да белгілі бір шегі бар. Кейде виртуалды әнгіменің бір катысуышы әріптестеріне дөрекі болуы, ашуландыруы, көңілін қалдыруы немесе жалықтыруы мүмкін. Желіде жұмыс істеген кезде жалпыға таныс ережелерді, катынасу этикасын басшылыққа алу кажет. Нетикет ережелері жалпыға бірдей болмайды. Әрбір желілік қауымдастық өздерінің ережелерін қалыптастырады және олардың желілік тілдесу жолдары үшін өзінің ережелері бар. Соның кейбіреулерін карастырайык.

Чаттарда, форумдардағы қарым-қатынас — жастар арасында желілік тілдесудің ең кең тараған демократиялық жолы. Чаттарда тілдесу кезінде келесі ережелерді ұстану кажет:

- катысуышылардың көбі тілдесетін тілді қолданындар. Ол шет тілдерге және сленгтерге де катысты;
- “тым акылды” болмандар. Ол арқылы әнгімелесушіні өздеріне карсы коюларың мүмкін. Қарапайым және түсінікті хабарлама жіберіндер;
- егер тілдесуші кандай да бір себептермен ренжітсе немесе тақырып кызықты болмаса, онда чаттан шығындар;
- егер белгілі бір тақырыптағы мамандандырылған чатта болсандар, әнгіме тақырыбынан ауытқымандар. Жай тілдесуге арналған арнайы серверлер бар;
- егер хаттарына жауап кайтарылмаса, онда бірнеше рет жаза бермендер, беймаза немесе сабырсыз адам болып көрінбеу үшін бірнеше рет қайталамандар. Мүмкін, сендердің хаттарына жауап кейін жазылады;
- дөрекі сөздерді қолданбаңдар. Көптеген чаттарда тәртіп бұзушыларға серверге қатынауды шектеу түрінде жазалау қолданады.

Электрондық пошта бойынша тілдесу — интернеттің қолданып, көшілікке мәлім және қолжетімді хабарласудың жолы. Хабарлар іскерлік (мысалы, “мұғалім — окушы”, “мұғалім — окушының анасы”) немесе жеке (“анасы — баласы” немесе жолдастар арасында) болуы мүмкін.

БҮЛ ҚЫЗЫК!

Такырыптық чаттардың, форумдардың тұракты катысушылары хабарламаларда артық сездерді жазбай, жауапты қыска беруге көмектесетін қыскарған сездер колданады.

Сездер	Қыскартылған (бас әріптермен жазылады)
Менің ойым бойынша	IMHO (In My Humble Opinion)
Кейін сейлесеміз	TTYL (Talk To You Later)
Сендердің назарларыңа	FYI (For Your Information)
Айтпақшы	BTW (By The Way)
Менің білуімше	AFAIK (As Far As I Know)
Кездескенше	SUL (See You Later)



Егер хат жеке болса, оған этиканың катал талаптары койылмайды. Жақындарына, достарына жазылған күнделікті немесе электронды хат кез келген пішінде жазылуы мүмкін. Жеке хаттың стилі және мазмұндау мәнері хаттың иесі мен араласу деңгейіне байланысты.

Әдетте, іскерлік хат жазудың жалпыға ортақ қабылданған “алтын” ережелері бар, оларды білу және хат жазу кезінде оны басшылықка алу керек:

- хаттың негізін ғана білдіріп, қыска жазындар;
- сауатты жазындар;
- әдептілікті (адалдықты, мейірбандықты) талап етсендер, ол да сыпайы жауап береді;
- жауап жазған кезде жалпы сездерді қолданбандар. Егер тілдесуді аяқтағылары келсе, әдепті түрде хабарлап, тілдесуді тоқтатындар;
- тақырып жолын толтырындар. Компьютерлік вирустың хатпен бірге тарау қаупіне байланысты көп қолданушылар тақырыбы жазылмаған, күмәнді хабарламаларды оқымай, өшіріп тастайды;
- хабарланған тақырыпты ұстанындар;
- жіберілген хабарламаға кол қойындар;
- үлкен файлдарды мұрағаттап жіберіндер;
- хатта көпшілікке арналған манызды және пайдалы ақпарат болмаса, онда оны пошта жіберу (рассылканын) көмегімен жібермендер. Мекенжайларын “кара тізімге” кіруі мүмкін;

• хат алушыға кызықты емес хаттарды жіберу (мысалы, әртүрлі жарнамалар) желілік этикеттің ережелерін бұзу болып саналады және электрондық *спам* деп аталады. Ережелерді бұзу көтөлігіне байланысты спамерді жазалауы мүмкін. Желіге келіп түскен хабарламадан интернет кызметтерін жеткізуші серверді онай табу арқылы тәртіп бұзушыны анықтауга болады.

Электрондық пошта, ең алдымен, таныс адамдардың бір-бірімен байланысуларына арналған және онымен жұмыс істеу тәртібі әдеттегі телефон арқылы сейлесумен бірдей.

Сонымен қатар электрондық пошта хаттарына жауап берудің де өзіндік ережелері бар. Жауаптың мағынасы кіріс хат белгілі немесе бейтаныс жіберушіден келгеніне байланысты:

- хатка жауап жазуды созбандар. Таныс адамдарға қадімгі телефонмен жауап бергендей жауап жазындар. Егер тап осы кезде келіп түскен өтінішті орындау мүмкіндігі болмаса, онда бір тәуліктен асырмай жауап беріндер. Хат бейтаныс адамнан келсе, онда үш күн аралығында жауап беру кажет;

- егер хат кызықты емес (мысалы, жарнама, бейтаныс файл) акпаратты қамтыса, онда оған жауап берудің кажеті жоқ. Катал, жағымсыз жауап болса да, кез келген жауап спамер үшін пошталық адресстің дұрыстығын растайды және басқа спамерлерден де хаттардың жаңа ағынын шакыруы мүмкін. Накты электрондық мекенжайлар сатушылардың арасында сауда заты болып табылады, әсіресе, мекенжай иесі туралы косымша мәлімет белгілі болса (жынысы, жасы, білімі, жеке қызығушылықтары). Осы белгілерге байланысты электрондық поштадан келген саудаламаларды толтыру керек емес, тіпті лотереяда үлкен ұтыс уаде етілсе де толтырмандар;

БҮЛ КЫЗЫҚ!

Электрондық хат алмасуда эмоцияларды білдіретін сездердің орнында таңбалардың тіркесі колданылады (смайлдар – ☺, ағылшынша “smiley”, “кулкі”), Смайл – әртүрлі таңбалардан құрастырылған бет әлпетті: қос нүкте – көз, сызықша – мұрын, жақша – ауыз. Егер бұл тіркестерге буйірінен қараса, онда смайлдың көңіл күйі айқын болады – қуаныш, қайғы, мысалы:

- : -) – күлімсіреу;
- : (– түнжырап қарау;
- : -)) – күлкі;
- : - (– мұнау.



• электрондық пошта хаттарының ішінде файлдар тіркеліп жіберілуі мүмкін (мысалы, фотосуреттер, мәтіндік файлдар). Мұндай файлдарға бейтаныс адамнан жіберілген зат сиякты карау керек. Жіберілген зат жарылғыш жабдықтан тұруы мүмкін (мысалы, компьютерлеріндегі барлық акппаратты жоятын вирус). Файл таныс адамнан келсе, онда қандай файл және хаттың келу мақсаты міндетті түрде көрсетілуі керек. Хат бейтаныс адамнан келсе, онда косып жіберілген файлды ашпай және оқымай жою керек. Мұндай әдіспен таратылған бағдарламалық, құжаттық файлдарда вирустар болады.

Желілік этикет докма (дәлелденбеген қағида) емес. Интернет желісінде карым-қатынас ережелерін білмесен де, “басқалардан сыйайылықты талап етсөн, өзің де сыйайы бол” қағидасын ұстанып, виртуалды тілдесушілермен жаксы араласуға болады.

Бақылау сұрақтары



1. Неге желілік тілдесудің этикасын сактау керек?
2. Жалпы желілік тілдесудің ережелері қандай?
3. Электрондық хат алмасу кезінде қандай негізгі ережелерді басшылыққа алу керек?
4. Электрондық хатқа косылған файлдарға қандай шектеулер койылады?
5. Чаттағы ережелер қандай?
6. Желіде этикалық және құқықтық нормаларды бұзудың салдары қандай болуы мүмкін?

Практикалық жұмыс

А деңгейі

Интернет сайttардан, интернеттегі карым-қатынас ережелерін іздең, онымен танысындар.

В деңгейі

КР-ның “Авторлық және сабактас құқықтар” Заны бойынша шығармаларға авторлық құқық не үшін берілгені туралы айтылған. Сонымен қатар, электронды немесе интернет сайтындағы фотосуреттер, бейне, музика, әдеби шығармалар авторлық құқық нысандары болып табылады. Ол автордың рұқсатынсыз

оның шығармаларын колдануға: көрсетуге, таратуға, сатуға, өндеуге және т.б. жасауға болмайтынын білдіреді. Зерттеу жұмысын жүргізейік.

Интернет желісінде КР-ның “Авторлық және сабактас құқыктар туралы” Занының көмегімен мына сұрапқа жауап дайындаңдар: “Интернетten суреттерді, бейнефайлдарды, музикалық файлдарды компьютерге кандай жағдайларда сактауға болады?”

С деңгейі

КР-ның “Авторлық және сабактас құқыктар” Заны бойынша шығармаларға авторлық құқық не үшін берілгені туралы айтылған. Сонымен катар, электронды немесе интернет сайтындағы фотосуреттер, бейне, музика, әдеби шығармалар авторлық құқық нысандары болып табылады. Ол автордың рұқсатының оның шығармаларын колдануға: көрсетуге, таратуға, сатуға, өндеуге және т.б. жасауға болмайтынын білдіреді. Зерттеу жұмысын жүргізейік.

Интернет желісінде КР-ның “Авторлық құқық және сабактас құқыктар” Занын тауып, келесі сұрапқа жауап дайындаңдар: “Веб-сайт құрып жатқан кезде оған интернеттен алынған музикалық файлдар, бейнефайлдар, суреттер орналастыруға бола ма және кандай талаптар бар?”

Рефлексия:

Менің білгенім... . Енді мен ... колдана аламын.

2- ТАРАУ

Компьютерді тандау

Бұл тараудан білесіндер:

- ▶ ДК конфигурациясын;
- ▶ қолданушының қажеттілігіне байланысты бағдарламалық жасактаманы тандауды;
- ▶ қолданбалы бағдарламаны;
- ▶ компьютерді тандау ережесін.

Мынаны үйренесіндер:

- ▶ компьютердің конфигурациясын анықтауды;
- ▶ қолданбалы бағдарламанын типін ажыратуды;
- ▶ компьютердің құнын анықтауды.

S5

Компьютердің конфигурациясы

Бүгінгі сабакта:

- ▶ компьютердің міндетіне карай конфигурациясын тандауды үйренесіндер.

Tірек ұғымдар:

- | | |
|-----------------|-------------------|
| ▶ компьютер; | ▶ дыбыстық карта; |
| ▶ монитор; | ▶ жүйелік карта; |
| ▶ процессор; | ▶ ішкі жады; |
| ▶ аналық такта; | ▶ сыртқы жады. |
| ▶ бейнекарта; | |



Сендер жақындарыңмен компьютер сатып алуға бірге бардыңдар ма? Бұл жағдайда неге көніл бөлдіңдер? Компьютерді белгілі бір конфигурацияга сәйкес сатып ату керек деген ой келді ме? Компьютер конфигурациясы дегеніміз не?

Компьютер сатып алғын кезде екі негізгі мәселені ескергендерін жөн. Біріншіден, компьютер қандай мақсатта қолданылатынын анықтап алындар. Функционалдық тағайындалуына байланысты компьютерлерді көнсөлік, білім алу, ойын, үйге, мультимедиа және т.б. түрлерге бөлуге болады.

Компьютерге арналған компоненттерді тандау ережелерін карастырайык:

- “кеңсеге арналған компьютер” негізінен, текст және сандық ақпаратты өндіру, күжаттарды сканерлеу және интернетке кол жеткізуге арналған;
- “дизайнерге арналған компьютер” физикалық ақпарат, бейнематериалдар, веб-дизайн, сканерлеу күжаттары интернетке кол жеткізу үшін арналған. Экранның ажыратымдылығын, бейнекартаны, қатты дискіні бакылау манызды;
- “компьютерлік клуб компьютерінің” процессор қуаты, бейнекарта және дыбыс картасының сапасы, желі деректерін беру жылдамдығы манызды;
- “окушы компьютері” үй тапсырмасына және бос уақытты өткізуге, мәтіндік және сандық мәліметтермен жұмыс жасауга, музыка тыңдауға, интернетті колдануға арналған. Маныздысы, бағасы кымбат болмауы керек.

Екіншіден, кейбір құрылғылардың аналық тектемен үйлесімділігі. Бұл көбінесе косылым интерфейсінің үйлесімділігіне қатысты айтылған. Себебі, әртүрлі процессор интерфейстеріне сәйкесінше аналық текталардың өзіндік үлгілері шығарылады.

Мысалы, Intel фирмасының процессорлары үшін Socket1155, LGA 2011-3 және басқа интерфейстер, ал AMD фирмасының процессорлары үшін SocketAM3, SocketFM2, SocketS-AM2 интерфейстерін пайдаланады. Аналық тектаны тандау барысында оның процессорлық интерфейсіне назар аудару қажет.

Сондай-ақ компьютерді жабдықтау кезінде кейбір компоненттер, мысалы, бейнекарта, дыбыстық карта, желілік карталар аналық тектада есепке алынуы қажет.

Демек, **компьютердің конфигурациясы дегеніміз — жүйелік блок бөлігі болып табылатын компьютерлік компоненттер сипаттамаларының жынытығы**.

Компьютер құрамы туралы ең манызды ақпарат — бұл процессор (GPU) түрі мен жұмыс істеу жиілігі, жедел жады көлемі (мөлшері) (ОЗУ, RAM), қатты диск (HDD) көлемі (мөлшері), бейнекартаның түрі мен үлгісі, дискінің болуы (CDROM, DVDRW, BlueRay).



Компьютердің конфигурациясына жүйелік блок бөлігі болып табылатын компьютер компоненттері сипаттамаларының жынытығы кіреді.

Компьютердің конфигурациясын өздерің анықтауларына болады. Ол үшін:

1. *Бастау* (Пуск) батырмасын басып, *Бағдарламалар* (Программы) → *Стандартты* (Стандартный) → *Қызметтік* (Служебные) тармақтарын таңдаңдар.

2. *Бастау* (Пуск) → *Орындау* (Выполнить) батырмасын басып, іздеу жолына *msinfo32* теріндер.

Содан кейін қажетті акпаратты алып, мәтіндік күжатта орналастырындар.



Бақылау сұрақтары

- Компьютердің конфигурациясы дегеніміз не?
- Компьютердің конфигурациясын қалай анықтайды?

Практикалық жұмыс

A деңгейі

1. Үйдегі компьютер (ноутбуктің) конфигурациясының сипаттамасын аныктандар 5.1-кестені MS Word мәтіндік процессорде жасап, толықтырындар.

5.1- кесте

Компьютер компоненттері	Сипаттамалары
Процессор	Тактілік жілілік —
Жедел жад	Көлемі —
Бейнекарта	
Қатқыл диск	Көлемі —
Монитор	Диагональ

2. 5.1-кестеде берілмеген компоненттерді толықтырып жазындар.

B деңгейі

Интернет-документтердің веб-сайттарын және компьютерлік документтердің бағалар тізімдерін пайдаланып, MS Word мәтіндік процессорда 5.2-кестені толтырындар.

5.2- кесте

Компьютер компоненттері	Оқушыларға арналған		Кенсеге арналған		Ойын компьютері	
	сипаттамасы	бағасы	сипаттамасы	бағасы	сипаттамасы	бағасы
1	2	3	4	5	6	7
Процессор						

Жалгасы

1	2	3	4	5	6	7
Жедел жады						
Бейнекарта						
Қаткыл диск						

С деңгей

Компьютерлік фирмама компьютер сатып алуға тұтынушы келді. Тұтынушы ойын-сауыққа ариалған компьютерді: фильмдерді көру үшін және теледиңдарға, интернетке қосу мүмкіндігі болуын қалайды. Компьютердің косымша компоненттерінде сканер, сия бүріккіш принтер және WEB-камера болуы керек. Тұтынушыға компьютердің кандай компоненттерін ұсынасындар? Оны “Компоненттердің атасы — сипаттамалары — бағасы” кесте түрінде жазындар.

Рефлексия:

Менің білгенім Енді мен ... қолдана аламын.

§6**Бағдарламалық жасақтаманы тандау****Бүгінгі сабакта:**

- Қолданушының қажеттілігіне байланысты бағдарламалық жасақтаманы тандауды үйренесіндер.

Tірек ұғымдар:

- Қолданбалы бағдарламалық жасақтама (ҚБЖ);
- Жүйелік бағдарламалық жасақтама (ЖБЖ);
- Бағдарламалау жүйелері.

8-сыныптан бастап сендер компьютердің негізін оның өзгеруіне, толықтырылуына, дамуына мүмкіндік беретін *аппараттық жасақтама* (ағылшынша *hardware* — жұмсақ өнім) және *бағдарламалық жасақтама* (ағылшынша *software* — жұмысқ өнім) құрайтынын білесіндер (6.1-сурет). Кез келген күннешілікты шешуде компьютерді пайдалану үшін оған деректерді енгізу, өндеу және шығаруды жүзеге асыратын бағдарламалық жасақтама орнатылады.



Аппараттық жасақтама



Бағдарламалық жасақтама

6.1-сурет. Компьютердің негізі



Бағдарламалық жасақтама (БЖ) — компьютердің үзак мерзімді барлық күрылғыларында есте сакталатын бағдарламалар (тіркесімі) жынытыбы.

Компьютерлік жүйенін негізгі бөлігі ретінде бағдарламалық жасақтама компьютердің қолдану саласын анықтайды. Қолданыстағы бағдарламалық жасақтаманы пайдалану және компьютерде жана бағдарламаларды орнату арқылы:

- оны есепші немесе конструктор, мектеп директоры немесе агрономның жұмыс компьютеріне айналдыруға болады;
- әртүрлі тапсырмаларды орындауды: реферат дайындау, күжатты өндіреу, электрондық поштага хабарлама жіберу және т.б.

Әрбір бағдарлама белгілі бір мәселені шешуге бағытталған. Бұл ретте олар компьютердің аппараттық күралдарымен тығыз өзара әрекеттеседі: орталық процессормен, енгізу/шығару, есте сактау күрылғысымен т.б.

Әдетте, бағдарламалық жасақтама үш түрге бөледі: *қолданбалы жүйелік бағдарламалар және бағдарламалу жүйелері* (6.2-сурет).



6.2-сурет. Бағдарламалық жасақтама классификациясы

БҮЛ ҚЫЗЫҚ!



“Microsoft” фирмасы бағдарламалық жасақтаманың жетекші өндірушісі және негізін қалаушы — Билл Гейтс.



Қолданбалы бағдарламалық жасақтама (КБЖ) нақты мәселелерді шешуге арналған. Бүгінгі күні көптеген қолданбалы бағдарламалар бар. КБЖ жалпы және арнайы мақсаттағы бағдарламаларға бөлінеді. Жалпы мақсаттағы бағдарламалар мыналарды қамтиды (6.3-сурет):



6.3-сурет

- калькуляторлар;
- графикалық редакторлар: Paint, Photoshop, Gimp, Inkscape;
- мәтіндік редакторлар: Блокнот, WordPad Windows операциялық жүйесінде; nano, gedit, KWrite және Kate Linux операциялық жүйесінде;
- мәтіндік процессорлар : OpenOffice.org Writer, Microsoft Word;
- электрондық кестелер: Excel, OpenOffice.org Calc;
- деректер базасы : Access, OpenOffice.org Base;
- презентацияларды дайындау бағдарламалары : PowerPoint, OpenOffice.org Impress;
- ойындар (басқатырғыштар, стратегия және т.б.).

Арнайы бағдарламалар мыналарды қамтиды:

- компьютерлік сөздіктер мен энциклопедиялар;
- бухгалтерлік бағдарламалар.

Жүйелік бағдарламалық жасақтама(ЖБЖ) компьютер мен басқа да бағдарламалар арасындағы байланыстыруны реңінде жұмыс істеп, оның құрылғыларын басқарады . Жаңа компьютерде жүйелік бағдарламалық жабдықтын кажетті белгі болады, онсыз компьютерде жұмыс істеу мүмкін емес. Бұл топка операциялық жүйелер, драйверлер (сыртқы құрылғыларды басқару бағдарламалары) және утилиттер (қызметтік бағдарламалар) кіреді (6.4-сурет).

Бағдарламалау жүйелері программистерге түрлі бағдарламаларды жасауға мүмкіндік береді (Visual Basic, Delphi, C++ және т.б.) .



6.4-сурет. Арнайы мақсаттағы бағдарламалар

БҮЛ ҚЫЗЫҚ!

Колданбалы бағдарламалар адам өміріндегі әртурлі қызық бағыттарды қамтиды. Мысалы, Takara жапондық ойыншықтың әндірушілері мысық дыбысының (мияуының) аудармашысын жасап шығарды.

Бұрын бағдарламалық жасақтама накты операциялық жүйеге "байланған" болатын, мәселен, кейбір бағдарламалар Windows-тін, ал басқалары Linux-тін басқаруымен ғана жұмыс істейді.



! **Кроссплатформалық бағдарлама** — әртурлі операциялық жүйелер үшін нұсқалары бар бағдарлама.

Қазіргі уақытта түрлі операциялық жүйелер үшін нұсқалары бар көптеген кроссплатформалық бағдарламалар әзірленді.

! Тағайындалуы бойынша бағдарламалық жасақтаманы қолданбалы, жүйелік және бағдарламалық жүйелеріне белуге болады:

1. *Колданбалы бағдарламалық жасақтамага* : мәтін, кесте процессорлары, оқыту және тестілеу арнайы бағдарламалары және т.б.
2. *Жүйелік бағдарламалық жасақтамага* : операциялық жүйелер, антивирустық бағдарламалар және т.б.
3. *Бағдарламалық жүйелері* (программалар тілдері, программалау жүйесі).

Бақылау сұрақтары

1. Компьютерлік бағдарламалық жасақтама дегеніміз не?
2. Бағдарламалық жасақтаманың түрлері кандай және олар немен ерекшеленеді?
3. Қандай қолданбалы бағдарламаларды білесіндер? Олардың мақсаты кандай?
4. Hardware және Software терминдерін түсіндіріндер.
5. Кроссплатформалық бағдарламалар дегеніміз не?

Практикалық жұмыс

A деңгейі

Зерттеу жұмысын жүргізіп, компьютерде қандай бағдарлама орнатылғанын аныктандар. Бағдарламаның қандай бағдарламалық жасактаманың түріне жататынын тауып, 6.1-кестеге жазындар.

6.1- кесте

Бағдарлама	Бағдарламалық жасактама түрі

B деңгейі

Зерттеу жұмысын жүргізіп, интернет жүйесінде кроссплатформалық бағдарламалардың мысалдарын табындар. Олар БЖ-ның қандай түріне жататынын аныктап, 6.2-кестені толтырындар.

6.2- кесте

Бағдарлама	Бағдарламалық жасактаманың түрі

C деңгейі

“Тәжірибелі пайдаланушылар мен программистерге арналған БЖ” тақырыбына эссе жазындар.

Рефлексия:

Менің білгенім Енді мен ... колдана аламын.

57

Компьютер ді таңдау

Бүгінгі сабакта:

- компьютердің мінде-тіне карай конфигурациясын таңдауды үйренесіңдер.

Tірек ұғымдар:

- кеңсеге арналған компьютер;
- дизайнерге арналған компьютер;
- әмбебап компьютер;
- ойын компьютері.



Компьютерді қалай таңдауга болады? Үйге немесе кеңсеге арналған компьютер таңдаганда қандай параметрлерге на-зар аудару керек?

Алдымен үйге қандай үлгідегі компьютерді таңдау қажеттігін карастырайык. Олар: *стационарлық* (десктоп) немесе *шагын* (ноутбук, моноблок, неттоп) болады және көлемі жағынан ғана ажыратылып тұрған жок. Ноутбук, моноблок немесе неттоптар ықшам болғандықтан өзінмен бірге алыш журуге қолайлыш. Жұмыс үстелі компьютерлері ноутбуктарға қарағанда өнімдірек және стационарлық компьютерде кез келген жабдықтың жинағын алмастыра аласындар, ал ноутбукте алмастыру кындық тудыруы мүмкін. Жедел жады және катты диск, сонымен бірге сыртқы бейнекартасын да ауыстыруға болады. Бірақ олар кез келген ноутбук үлгісіне сәйкес келе бермейді.

Сондықтан компьютер сатып алmas бұрын манызды шешім қабылдау керек. Таңдау кезінде маманға хабарласып немесе үлкен ұқыптылықпен таңдау қажет. Компьютерді таңдаған кезде мынашарды ескерген жөн:

Тапсырыс беру кезінде.

1. Көптеген мамандар жақсы беделге не дүкендерге тапсырыс беруге кенес береді. Компьютерге тапсырыс бергенде менеджерге немесе жинактаушыға жаңа компьютерден не күтетіндерінді және қандай бағаға алуға жоспарлап отырғандарынды айту керек:

- компьютер сипаттамалары мен дизайнның қажеттіліктеріне және таңдауларыңа сай етіп жасау мүмкіндігі;
- + компьютер құраушыларын дұрыс таңдау, жинактау сапасы жинактаушының жұмысына тікелей байланысты болады.

2. Тәуелсіз жинақтау кезінде:

Егер базалық білімдерің мен дағдыларына сенімді болсандар, өз кажеттіліктерің бойынша компьютерді дербес жинақтауға болады:

 бул жағдайда тапсырыс беруге қарағанда төмен баға және талаптарына сай жинақталады;

 кажетті білім мен дағдылар болмаған жағдайда тенгерімсіз жүйе немесе категіктер жіберу ықтималдығы жоғары болады.

Компьютерді бағасына байланысты 4 топқа бөлуге болады:

1. 150 мың тг дейін — бастапқы денгей (**бюджеттік компьютер**). Осы топтағы компьютерлер карапайым тапсырмаларға арналған, мысалы, мәтінмен жұмыс, интернет желісі, бейнероликтерді керу және ең карапайым ойындар. Көбінесе кенселерде колданылады.

Бюджеттік дыбыссыз компьютер бағасының мысалы 7.1-кестеде көрсетілген.

7.1- кесте

Аталуы	Бағасы, тг
Morex CASO-25 60W корпусы (немесе ұқсас дыбыссыз mini-ITX, сыртқы қуат көзі — 60—90 Вт)	17 000
Kingston SSDNow UV400 120 Gb (SUV400S37/120G) жүйесі үшін SSD-диск	9 500
Аналық тектамен бірге Asus N3150I-C 4 ядролы процессоры	34 000
Kingston ValueRAM DDR3 4Gb 1600GHz (KVR16N11S8/4) күраушысы, жедел жады	11 000
Барлығы	72 000

Азғантай акшаға дыбыссыз, шағын (22 × 19 × 6 см), сенімді, 4 ядролы кенсеге және интернет колдануға арналған компьютер жинауға болады. Осы компьютердің күраушысына жылдам SSD - диск кіретіндіктен операциялық жүйе жылдам жүктеледі, офистік бағдарламалар, интернет желісі тез жұмыс істейді.

2. 150—400 мың тг аралығында — орташа денгей (**қымбат емес ойынға арналған және әмбебап компьютерлер**). Осы топтағы компьютерлер ен көп таралған, ейткені бұл процессорлардың есептеуіш күші және осы топтағы компьютерлердің бейнекарталарының мүмкіндіктері карапайым тапсырмалар үшін ғана емес, сондай-ақ күшті талап ететін бағдарламалар үшін жеткілікті болып табылады. Ол көптеген жағдайда орташа және максималды сапада көзіргі заманғы ойындарға мүмкіндік береді. Бұл көбінесе үйде колданушылар үшін ынгайлы таңдау (7.2-кесте).

7.2- кесте

Әмбебап компьютерлердің күнын есептеу

Атапты	Бағасы, тг
Zalman Z1 Black корпусы + қуат блогы Chieftec APS-550SB (немесе басқа өндірушінің корпусы +400 Вт-тан бастап қуат блогы + кулер)	36 000
WD Caviar 1000GB WD10EZRZ жүйесі үшін HDD-диск	17 000
Kingston HyperX DDR4 2x4Gb 2666GHz (HX426C15FBK2/8) күраушысы, жедел жады	28 000
AMD үшін	
AMD Ryzen 3 2200G BOX процессоры	36 000
Asus A320M-K аналық тақта	24 000
Intel үшін	
Intel i3-8100 BOX процессоры	49 000
Asus PRIME H310M-K аналық тақта	24 000
AMD корытындысы	142 000
Intel корытындысы	155 000

Дыбыссыз, жылдам және кымбат емес компьютер, жаксы процесорлар, 8 Гб жедел жады және өнімді кіріктірілген бейне, заманауи бағдарламаларды еркін, қолайлы колдануға болады.

3. 400 мың тг-ден жоғары — жоғары деңгей (орта және қуатты компьютерлер). Жеке компьютер, ерекше өндірушілер, процесордың қуаты қазіргі заманауи кемшиліктерді ең жаңа және ең курделі тапсырмалармен максималды сапа параметрлерінде шешүге мүмкіндік береді. *Кемшилігі* — күны жоғары бағада болуы, сондай-ақ салқындау жүйесінің шуы. Мұндай компьютерлер компьютерлік клубтарда колдануға ынға йлы (7.3-кесте).

7.3- кесте

Орташа ойын компьютері бағасының күны

Атапты	Бағасы, тг
1	2
Zalman Z1 Black корпусы + Chieftec APS-550SB қуат блогы (немесе басқа өндірушінің корпусы +500 Вт-тан бастап қуат блогы + кулер)	36 000

Жалғасы

1	2
Samsung 970 EVO 500 Gb M.2 NVMe (MZ-V7E500BW) жүйесіне арналған SSD-диск	53 000
WD Caviar 2000GB WD20EZRL арналған HDD-диск	24 000
Asus PRIME B350-PLUS аналық тақта	117 000
Kingston HyperX DDR4 3200GHz 2x8Gb (HX432C16PB3K2/16) күраушысы, жедел жады	64 000
AMD үшін	
AMD Ryzen 5 2600 BOX процессоры	72 000
Asus PRIME H370-PLUS аналық тақта	41 000
Intel үшін	
Intel Core i5-8400 BOX процессоры	87 000
Asus Prime H370-PLUS аналық тақта	51 000
AMD корытындысы	410 000
Intel корытындысы	485 000

Орташадан жоғары деңгейдегі процессорлармен, жаксы бейнекартасымен және өте жылдам SSD M.2 NVMe жүйесімен тез жұмыс істеуге және ультра сапалы параметрлерге барынша және заманауи ойындармен ойнауга өте ынғайлы (7.4-кесте).

*7.4- кесте***Куатты ойын компьютерінің құнын есептөу**

Аталуы	Бағасы, тг
1	2
Zalman Z3 Plus корпусы + Chieftec APS-600SB қуат блогы (немесе 600 Вт-тан басталған қуат блогы + кулер)	43 000
Samsung 970 EVO 500 Gb M.2 NVMe (MZ-V7E500BW) жүйесі үшін SSD-диск	53 000
WD Caviar 2000GB WD20EZRL жүйесі үшін HDD-диск	24 000
Asus GeForce RTX 2070 8GB (DUAL-RTX2070-8G) бейнекарта	228 000
Kingston HyperX DDR4 3200GHz 2x8Gb (HX432C16PB3K2/16) күраушысы, жедел жады	64 000

Жалғасы

1	2
AMD үшін	
AMD Ryzen 7 2700 процессоры + кулер	106 000
Asus PRIME X370-PRO аналық тақта	53 000
Intel үшін	
Intel Core i7-8700 процессоры + кулер	136 000
Asus TUF Z390-PRO GAMING аналық тақта	76 000
AMD корытындысы	573 000
Intel корытындысы	513 000

Оте куатты ком пьютермен кез келген үлкен бағдарламаларды орындауга, қуатты ойындар ойнауга болады. Бұл компьютерлер интернетте ондаган немесе жүздеген бетбелгілерді аша алады, сапасы ультра-максималды бапталған ойындарды ойнауга және бейнежазбаларды өндей алады.

4. Арнайы компьютерлер — инженерлерге, бейнемонтаждаушыға арналған жана бейнекартамен жабдықталған ең соңғы үлгідегі дербес компьютерлер.

Ең жаңа процессорды және видеокартаны сатып алу кезінде осы кезеңдерді ескерсөндө р, компьютерді тандау кындық тудырмайды.

Бақылау сұрақтары



- Дербес компьютердің компоненттерін өздерің жинақтаган кездегі артықшылықтар мен кемшіліктерді атандар.
- Кеңсе компьютерлері мен арнайы компьютер арасындағы айырмашылықтар кандай?

Практикалық жұмыс

А деңгейі

Интернет ресурстарының көмегімен 7.5-кестедегі өте қуатты ойын компьютерінің бағасын есептendir.

7.5- кесте

Атапты	Бағасы, тг
Zalman Z3 Plus корпусы + Chieftec APS-650SB қуат блогы (немесе баска өндірушінің корпусы + 650 Вт-тан басталатын коректендіру блогы + кулер)	
Samsung 970 EVO 1000 Gb M.2 NVMe (MZ-V7E1T0BW) жүйесі үшін SSD-диск	
WD Caviar 4000GB WD40EZRL жүйесі үшін HDD-диск	
Asus GeForce RTX 2080 8GB (DUAL-RTX2080-8G) бейнекарта	
Kingston HyperX DDR4 3200GHz 4x8Gb (HX432C16PB3K4/32) күраушысы, жедел жады	
AMD үшін	
AMD Ryzen 7 2700X процессоры + кулер	
Asus PRIME X370-PRO аналық тақта	
Intel үшін	
Intel Core i9-9900K процессоры + кулер	
Asus TUF Z390-PRO GAMING аналық тақта	
AMD корытындысы	
Intel корытындысы	

В деңгейі

1. Қазақстандық интернет ресурстарын пайдаланып html бетін жүктендер.
2. “ДК компоненттері”, “ДК жинақтау процесі” тарауы бойынша теориялық акпаратты оқып, танысындар
3. 1, 2, 3-тапсырмаларын орындандар.
4. Тест сұркіттеріне жауап беріндер.

С деңгейі

В деңгейіндегі тест тапсырмаларын орындағаннан кейін ДК жүйелік блогының компоненттерін жинақтандар.

Рефлексия:

Менің білгенім ..., Енді мен ... колдана аламын.

3-
ТАРАУ

Мәліметтер қоры

Бұл тараудан білесіндер:

- ▶ мәліметтер қоры дегеніміз не;
- ▶ электрондық кестеде мәліметтер қорын қалай күргуга болады;
- ▶ мәліметтерді іздеу, сұрыптау және сұзгіден өткізу қалай жүзеге асырады.

Мынаны үйренесіндер:

- ▶ электрондық кестеде мәліметтер қорын күруды;
- ▶ мәліметтерді іздеу, сұрыптау және сұзгіден өткізу ді.

§8

Мәліметтер қоры

Бұгінгі сабакта:

- ▶ мәліметтер қоры, жазба, өріс терминдерінің түсіндірмесімен танысадындар.

Tірек үғымдар:

- ▶ мәліметтер қоры;
- ▶ жазба;
- ▶ өріс.

Акпаратты сактау ғана емес, оны тез іздең табу да манызды екенін білесіндер. Компьютер пайда болғанға дейін адамзат акпаратты түрлі акпарат тасымалдағыш күралдарда сактап келді. XX ғасырда, негізінен, емханадағы карточкалар, кітапханадағы каталог, экономика бөліміндегі картотекалар және т.б. қағаз тасымалдағыштары болды.



Кор дегеніміз не? Мәліметтер қоры дегеніміз не?

Мәліметтер қоры — карастырылып отырған аймақ нысандары туралы мәліметтер жиынтығы, олардың қасиеттері мен өзара катынастары ретінде берілген акпараттар.

Сонымен, мәліметтер қорын кітапханалық каталогтер, кез келген мекемедегі кадрлар бөлімінде жұмыс істейтін қызметкерлер туралы акпараты бар қалталар немесе мектеп журналы деп санауга болады.


Мәліметтер қоры, негізінен, қандай да бір нысандар туралы көнтеген акпаратты сактауга, іздеуге көмектеседі. Мысалы, каланың дәріханаларында сатылатын дәрілер туралы мәліметтерді камтитын мәліметтер қорынан, сатып алушының тапсырысы бойынша, накты бір дәрінің кай дәріханада сатылатынын және оның бағасы туралы акпаратты табуға болады. Мәліметтер қорымен негізгі жасалатын амал — ол акпараттарды алғашқы мәліметтермен толтыру. Содан кейін, мәліметтерді мүмкіндігінше өзгертуге, сұрыптауга, қажетті мәліметтер іздеуге болады (мысалы, дәріханаларға жаңа дәрілерді кабылдау немесе олардың бағаларының өзгерісі және т.б. туралы акпараттарды енгізу).

Мәліметтер қоры (МК) — әртүрлі қасиеттер жынытынына ие нысандар тобы туралы мәліметтерді реттелген пішінде сактауга мүмкіндік беретін акпараттық модель.

Мәліметтер қоры *жерлік, иерархиялық*, және *кестелік* болып бөлінеді.

Иерархиялық мәліметтер қоры әртүрлі деңгейлі нысандардан тұратын ағаш түрінде көрсетуге болады. Ен жоғары деңгей — бірінші нысан, екінші — екінші деңгей нысандары және т.с.с. Осындай нысандар әuletтің шежіресіне байланысты, мысалы, әulet нысанының бір немесе бірнеше ұрпағы болуы мүмкін және олардың бір ғана ата-бабасы болады.

Иерархиялық деректер қорының ен көрнекті мысалы ретінде генеалогиялық ағашты ұсынуға болады (8.1-сурет).




8.1-сурет. Генеалогиялық ағаш

Тағы бір мысал — ол ақпаратты (файлдар түрінде) компьютерде орналастыру. Ағаш түрінде белгілі бір құрылым каталог (бума) болады.

Желілік мәліметтер қоры — бір ата-бабадан көп нысандардың таралуына байланысты иерархиялық мәліметтер корының жынтығы болады.

Желілік мәліметтер қорының мысалына интернет желісін жатқызуға болады. Гиперсілтемелер жүздеген миллион күжаттарды бірынгай үлестірілген желілік мәліметтер корына байланыстырады. Желілік мәліметтер қорының мысалы төменде көрсетілген (8.2-сурет).



8.2-сурет. “Салымшылар” мәліметтер қоры

Енді *кестелік мәліметтер* қорын талқылайық. Кестелік мәліметтер қоры бірдей сипаттағы қасиеттерге не нысандар жынтығын кампцы. Мұндай мәліметтер қоры екі өлшемді кесте түрінде беріледі (8.3-сурет).

Жазба

Өріс

Тері	Аты	Мекенжайы	Телефон
Әбішев	Ансаган	F. Мұсірепов к., 364-үй, 512-п.	8(727) 123 45 67
Мусин	Нұржан	M. Жұмабаев к., 968-үй, 245-п.	8(727) 891 01 23
Васильев	Егор	Абай даңғ., 725-үй, 345-п.	8(727) 456 78 90

8.3-сурет

Кестенің бағандары *өрістер* деп аталады. Эрбір өріс оның қасиетінің мәнін көрсететін атауы бар мәліметтерден тұрады.

Мәліметтер қорының өрісі — белгілі бір сипаттағы мәндерді қамтитын кесте бағаны.

Кестенің жолдары нысандар туралы жазбалар болып табылады. Эрбір жазба өрістердегі мәндердің жынтығынан тұрады.

Мәліметтер қорының жазбасы — мәліметтер қорының өрістерінде орналасқан белгілі бір сипаттағы мәндердің жынтығын қамтитын кесте жолы .




Бақылау сұрақтары

- Мәліметтер қоры дегеніміз не?
- Мәліметтер қорының жазбасы және өрісінің өзара айырмашылығы кандай?

Практикалық жұмыс

А деңгейі

8.4-суретте “салымшылар” мәліметтер қорының желілік құрылымы берілген. Осы құрылымды кестелік түрге түрлендіріндер.



8.4-сурет. “Салымшылар” мәліметтер қоры

В деңгейі

Төмендегі “Менделеев кестесі” мәліметтер қорының иерархиялық құрылымы берілген (8.5-сурет). Бұл құрылымды кестелік мәліметтер қорына келтіріндер.



8.5-сурет. “Менделеев кестесінің” мәліметтер қоры

С деңгейі

“Мектеп” иерархиялық мәліметтер корын “элементтердің периодтық жүйесі” кестесіне сәйкес құрып, толтырындар.

Рефлексия:

Менің білгенім . . . Енді мен . . . колдана аламын.

§9

Электрондық кестелерде мәліметтер корын құру

Бұғынғы сабакта:

- ▶ MS Excel мәліметтер корын құруды үйренесіндер.

Tірек үғымдар:

- | | |
|--------------------|----------|
| ▶ мәліметтер коры; | ▶ тізім; |
| ▶ өріс; | ▶ жазба; |
| ▶ жол; | ▶ баған. |

MS Excel бағдарламасында мәліметтер корын құруга және өндегуге болатынын білдік.

MS Excel бағдарламасының көмегімен мәліметтер корын құрып және өндей аласындар. Бұл жағдайда электрондық кестені Excel бағдарламасындағы *тізім* немесе *мәліметтер* қоры деп атап, келесідей терминологияны пайдаланындар:

- тізім жолы — мәліметтер қорының жазбасы;
- тізім бағаны — мәліметтер қорының өрісі.

Баған атауы тек бір ұяшыкты алып, кестемен жұмыс жасағанда *өріс* деп аталады.

Мысалы, кестенің A2:F12 аймағын мәліметтер коры ретінде карастырайық (9.1-сурет). Осы кестенің А, В, С, D, Е, F бағандары — *өрістер*, ал 3-тен 12-ге дейінгі жолдар *жазбалар* деп аталады. A2:F12 аймағындағы өрістерге атаулар беріледі.

MS Excel мәліметтер қоры құрылымына шектеулер койылады:

- бірінші жолдағы мәліметтердің өріс атаулары кайталанбауы тиіс;
- мәліметтер қорының жазбаларында бос жолдар болуы керек;
- өрістегі (бағандағы) ақпарат біртекті, демек, тек сандар немесе мәтіндер болуы тиіс.

“Күн жүйесіндегі ғаламшарлар” МК карастырайык.

1	Күн жүйесіндегі ғаламшарлар					
2						
3	Ғаламшар	Период	Арақашықтық	Диаметр	Масса	Серік
4	Меркурий	0,24	58	4,9	0,32	0
5	Шолпан	0,62	108	12,1	1,86	0
6	Жер	1	150	12,8	6	1
7	Марс	1,8	288	6,8	0,61	2
8	Юпитер	11,86	778	142,6	1906,98	16
9	Сатурн	29,46	1426	120,2	570,9	17
10	Уран	84,01	2869	49	87,24	14
11	Нептун	164,8	4496	50,2	103,38	2

9.1-сурет. Күн жүйесіндегі ғаламшарлар туралы акпарат

9.1-суреттегі өлшем бірліктер:


- орбитаны айналу периоды — жыл;
- Күннен орташа арақашықтық — млн км;
- экваторлық диаметр — мың км;
- масса — 10^{24} кг.

Мәліметтер коры ретінде қарастырылатын кестенің негізгі ерекшелігі оның үлкен өлшемі болып табылады.

MS Excel бағдарламасында мәліметтер корын құру кезінде орнатылған мәліметтер корының пішіні ынгайлы, демек:

- баған тақырыптарынан тұратын жолдың болуы;
- әрбір жазба жеке жолға орналастырылады;
- бірінші жазба тақырыптар жолынан кейінгі жолға орналастырылады;
- жазбалардың ортасында бос жолдар болмауы керек.

Kірістіру (Вставка) → *Кестелер* (Таблицы) → *Кесте* (Таблица) командаларын орындау кажет. Содан кейін *Құрагалдардың* диалогтік тереңесін пайдаланып, кестенің ауқымын көрсетіндер (9.2-сурет).



9.2-сурет. Мәліметтермен жұмыс пішіні

Бақылау сұрақтары



- Мәліметтер қорын кесте түрінде бейнелеудің артықшылықтары мен кемшіліктерін атандар.
- Мәліметтер қорының жазбасы және өрісі дегеніміз не?
- Мәліметтер қорында өрістердің қандай түрлері болуы мүмкін?
- Мәліметтер қорында *Пішіндердің* (Формы) көмегімен жұмыс істеудің артықшылықтары мен кемшіліктерін атандар.

Практикалық жұмыс

А деңгейі

Мәліметтер қорын күрындар.

- “Күн жүйесіндегі ғаламшарлар” үлгісіне сәйкес мәліметтер қорын күрындар (9.1-кесте).

9.1- кесте

“Күн жүйесіндегі ғаламшарлар” МК

Ғаламшар	Период	Аракашықтық	Диаметр	Масса	Серік

- “Период”, “Аракашықтық”, “Диаметр”, “Масса”, “Серік” ұяшықтары үшін сандық *Пішін* (Форма) орнатындар.

3. Бірінші жазбаны енгізіндер. Екінші жазбадан бастап *Пішін* (Форма) командасы арқылы кестені толтырындар. Форма мәзірін шакыру үшін кесте түрінде деректер ауқымын көрсету және *Kірістіру* (Вставка) → *Кесте* (Таблицы) → *Кесте* (Таблица) тандау қажет:

— *Жылдам кіру тақтасындағы* (Панель быстрого доступа) тінтуірдің он жақ батырмасын басып, мәтінмәндік мәзірінен жылдам кіру тақтасын орнату тармағын таңдандар. Экранда Excel параметрлері диалогтік терезесінің жылдам кіру тақтасы пайда болады;

— Ашылмалы тізімнен *Пішім* (Форма) таңдал, *Қосу* (Далее) батырмасын басындар;

— Excel параметрлері диалогтік терезесін жабу үшін *OK* батырмасы басындар.

Осы кадамдарды орындағаннан кейін жылдам жолағы жана белгішени қосады. Оны басқанда деректерді енгізу үшін пішін көрсетіледі. Парактағы кез келген ұяшыкты қосып, жылдам жолактағы Пішін командасын тандандар. Командаларды пайдаланбас бұрын кестенің бірінші жазбасын және іргелес тақырып жолын ерекшелендер.

4. Мәліметтер корын жұмыс дискісіне “Күн жүйесi.xls” деген атаумен сақтандар.

В деңгейі

1. “Қазақстанда мекендейтін құстар мен жануарлар” мәліметтер корын құрындар.

2. Пішіннің көмегімен “Қазақстандағы облыстар” мәліметтер корына облыс орталығы, ауданы, халқы туралы жазба қосындар.

С деңгейі

Кеткен уақыт критерий бойынша мәліметтер корын жасаудың кай әдісі ынғайлы екенін зерттендер. Ескертпе: бірдей екі мәліметтер корын әртүрлі тәсілмен жасадындар, жұмсаған уақыттарынды бағалап, корытындыландар.

Рефлексия:

Менің білгенім Енді мен ... колдана аламын.

S10

Ақпаратты іздеу әдістері

Бұгінгі сабакта:


- ▶ мәліметтерді іздеуді, сұрыптауды және сұзуді жүзеге асыруды үйренесіндер

Tірек үғымдар:

- ▶ электронды кестедегі тізім;
- ▶ іздеу;
- ▶ жұмыс парагы.

Excel бағдарламасының тізімінде ақпаратты табудың ең онай жолы — деректер пішінін пайдалану. Негізінен, тізімдерде накты жазбаларды табу талап етіледі.

Ол үшін *Форма* (Пішін) мәзірін пайдаланындар. Содан кейін, *Деректер* (Данные) терезесінде *Критерийлер* (Критерий) батырмасын



10.1-сурет. Критерийлер белгіленген пішін


басып, іздеуге кажетті сипаттамаларды енгізіндер. Мысалы, мәтіндік өрістен мәндер бойынша іздесендер, іздеген деректерді бірегей анықтау үшін бірінші танбаларды тандауларың керек. Егер бірнеше критерийді тандасандар, іздеу бірнеше критерий бойынша орындалады (10.1-сурет).



Пішіндерді, мәндерді және формулаларды пайдаланып іздеуді қалай жасайды?

Деректердің пішіндерін пайдалану арқылы іздеу берілген өрістер

(бағандар) бойынша жүзеге асырылатынын білесіндер. Егер белгілі бір мәнді немесе формуланы бүкіл жұмыс парагынан іздеу қажет болса, онда (10.2-сурет) *Өңдеу (Правка)* мәзіріндегі *Іздеу (Найти)* процедурасын қолданған жөн. Ашылатын *Іздеу (Найти)* диалогтік терезесінен *Не (Что)* өрісіне ұяшық мазмұнының фрагментін енгізіндер. Содан кейін *Келесіні іздеу (Найти далее)* (10.3-сурет) батырмасын басындар. Егер іздеу сәтті болса, тандалған фрагментті камтитын ұяшық косылады.




10.2-сурет. Іздеу командасын қолдану

Әдетте, *Іздеу* төмендегі жолдармен орындалады. Іздеу үлгісін өзгерту үшін, *Іздеу (Найти)* диалогтік терезесінде баған бойынша іздеуді көрсетулерін керек. Сондай-ак қандай деректерді іздейтіндерінді, мәндерді немесе формулаларды көрсете аласындар.

Іздеу әрекетін орындаған кезде “**” таңбасын қолдануға болады.

“**” таңбасы кез келген әріппен бірге қолданылады. Егер “M*” деп көрсетсек, “Марс” немесе “Меркурий” мәтіні бар ұяшық көрсетіледі.



10.3-сурет. Белгіленген критерийлер пішіні

Сұрақ белгісі “?” сандармен бірге көрсетіледі. Егер “1?” деп көрсек, онда 1-ден басталып, екі орынды сандар жазылып шығады.



Бақылау сұрақтары

1. Электрондық кестедегі тізім дегеніміз не?
2. Тізімдер кандай элементтерден тұрады?
3. Пішінді пайдаланып тізімді калай күру керек?
4. Пішінді пайдаланып жазбаларды іздеу тәртібін сипаттаңдар.
5. Жұмыс параграфында деректерді іздеуді калай орындауга болады?

Практикалық жұмыс

А деңгейі

Күрылған мәліметтер корында белгілі бір критерийлер бойынша іздеуді орындандар (мысалы, кез келген әріптің атауы арқылы және т.б.).

В деңгейі

Күрылған мәліметтер корында белгілі бір критерийлер бойынша ортақ іздеу куралының көмегімен іздеуді орындандар.

С деңгейі

МК-да деректерді іздеудін кандай әдісі ең қолайлыш болып табылады? Зерттеу жүргізіндер. Идея критерийлерін анықтап, корытынды жасандар.

Рефлексия:

Менің білгенім Енді мен ... колдана аламын.

S11-12 Деректерді сұрыптау және сұзу

Бұгынғы сабакта:

- мәліметтерді іздеуді,
- сұрыптауды және сұзууді жүзеге асыруды үйренесіндер.

Тірек үғымдар:

- сұрыптау;
- іздеу;
- сұзу;
- деректер.

Деректерді сұрыптау әдісі барлық кестелерге колданылады. Excel қажет болған жағдайда пайдаланылатын деректерді, кез келген өзгерістер мен толыктырудан кейін реттеу мүмкіндігін береді.



Электрондық кестедегі (ЭК) деректерді қалай сұрыптауга болады?

ЭК-дегі деректерді алфавиттік ретпен өсуі немесе кемуі бойынша, күндер немесе сандардың мәнімен сұрыптауға болады (11.1-сурет).

A Я	B	C	D	Я А
1	-10	бит	1 қантар 2017	20:30
2	-5	bit	3 наурыз 2018	16:30
3	0	S	12 қантар 2016	12:30
4	1		3 наурыз 2017	8:30
5	5		12 қантар 2015	4:30

11.1-сурет. Берілгендерді сұрыптау әдісі



“Сұрыптауды” өсу реті бойынша таңдасақ, деректер қалай өзгереді деп ойлайсыңдар?

- Өсу реті бойынша сұрыптау:
- сандар — ең аз теріс саннан ең үлкен он санга дейін;
 - мәтін — алфавиттік тәртіpte (сандар, таңбалар, латын алфавиті, орыс алфавиті);
 - күндер мен уақыт — хронологиялық тәртіpte.

Бос ұяшықтарды әрқашан тізімнің сонына орналастырады.

Кему реті бойынша сұрыптау кезінде, деректер көрсетілген кері тәртіpte реттегеледі .

! Сұрыптау — деректердің мәніне немесе деректер түріне сәйкес тізімдегі салыстырмалы орындарын өзгерту .

Бірнеше сұрыптау режимдері бар. Электрондық кестелерде кез келген бағанды таңдағаннан кейін сұрыпталатын деректер ауқымын кеңейттеп сұрыптау режимі бар (11.2-сурет) .

Кеңейтілген ауқымның нәтижесі 11.3-суретте көрсетілген.

	A	B	C	D
1	5	1	12 қантар 2015	4:30
2	1	5	3 наурыз 2017	8:30
3	0	S	12 қантар 2016	12:30
4	-5	bit	3 наурыз 2018	16:30
5	-10	бит	1 қантар 2017	20:30


11.3-сурет. Ауқымды сұрыптау диапазоны

Ерекшеленген ауқымда сұрыптау . Кеңейтілген ауқымда сұрыптағаннан кейін жолдардың орналасу реті өзгереді, бірақ олардың тұластығы сакталады (11.4-сурет).

	A	B	C	D
1	-10	бит	1 қантар 2017	20:30
2	5	бит	3 наурыз 2018	16:30
3	0	S	12 қантар 2016	12:30
4	1	S	3 наурыз 2017	8:30
5	5	L	12 қантар 2015	4:30

11.4-сурет. Сұрыптау әдісінен кейінгі көрініс

Тандау бойынша сұрыптау кажет болса, оны бірнеше баған арқылы жүзеге асыруға болады. *Бастапқы (Главная) → Сұрыптау және сұзгі (Сортировка и фильтр) → Сұрыптауды баптау (Настраиваемая сортировка)*. Бірінші сұрыптау деңгейін тандап, оның параметрін реттендер. Келесі сұрыптау деңгейін және т.б. косындар (11.5-сурет).



11.5-сурет. Бірнеше бағандың сұзгіден өткізуді баптау

Нәтижесінде алдымен сұрыптау арқылы деректер бірінші кезекте бірнеше баған бойынша сұрыпталады.

Бірінші бағанда, содан кейін екінші бағанда жалғасып ретімен орналасады. Алғашкы кесте және сұрыптау нәтижесі 11.6-суретте көрсетілген.

	A	B	C
1	Аты-жөні	жынысы	сынып
2	Ахметов Д.	үл	1 А
3	Садықов Т.	үл	1 Б
4	Баракова А.	Қыз	4 Б
5	Ермеков К.	үл	2 В
6	Ахметова Г.	Қыз	1 Б
7	Темірғалиев Б.	үл	1 А
8	Сафонов А.	үл	1 А

	A	B	C
1	Аты-жөні	жынысы	сынып
2	Ахметов Д.	үл	1 А
3	Сафонов А.	үл	1 А
4	Темірғалиев Б.	үл	1 А
5	Ахметова Г.	қыз	1 Б
6	Садықов Т.	үл	1 Б
7	Ермеков К.	қыз	2 В
8	Баракова А.	үл	4 Б

11.6-сурет. Дереккөз кестесі және сұрыпталған кесте

Сұзу (сұзгіден өткізу). Сұзгілерді пайдаланып іздеу шарттың канагаттандырмайтын алғашкы кесте жазбаларында жасырылған деректерді іздеуге болады (11.7-сурет).

11.8-суреттегі сұзуді колданып, мына мәліметті аласындар: сұзгі колданылған кестеде жалақы = 120 000 деп көрсетілген.



Электрондық кестедегі деректерді іздеу — сұзгі түрінде берілген іздеу шарттарын канагаттандыратын жазбаларды (жолдарды) тандау болып табылады.

	A	B	C	D
1	Аты-жөні	Еңбекақы, тенге	Жасы	Белімі
2	Ахметов А.А.	150 000	45	бухгалтерия
3	Смирнов Е.В.	120 000	28	өндіріс
4	Жакеев С.К.	100 000	21	бухгалтерия
5	Еремеева С.С.	180 000	50	қойма
6	Болатбек Е.С.	100 000	23	өндіріс
7	Низамутдинов В.К.	100 000	24	өндіріс
8	Жабагин С.М.	120 000	29	бухгалтерия
9	Гордиянова Г.В.	120 000	33	қойма

11.7-сурет. Бастапқы кесте

Жазбаларды іздеу шарттары **салыстыру операторлары** арқылы жасалады (11.8-сурет).

	A	B	C	D
1	Аты-жөні ▼	Еңбекақы, тенге ▼	Жасы ▼	Белім ▼
2	Ахметов А.А.	150 000	45	бухгалтерия
5	Еремеева С.С.	180 000	50	қойма

11.8-сурет. Сандық сүзгіні колдану


Мәтіндік деректер үшін амалдар :

- ең (барлық таңбалар салыстырылады);
- таңбадан басталады немесе басталмайды (бірінші таңбаларды салыстыру);
- таңбамен аяқталады немесе аяқталмайды (сонғы таңбаларды салыстыру);
- таңбалар тіркесі кұрамында немесе кұрамында жоқ (мәтіннің әртүрлі бөліктеріндегі таңбалардың көтөрілген салыстыру).

Мәтіндік сүзгілерден басқа, мәтіндік сүзгілермен бірдей шарттарды кабылдайтын “сандық сүзгілер” бар. Олар тек сандарға ғана көтөрілген:

- “Ортадан жоғары” немесе “Ортадан төмен” — орташа мәннен жоғары және төмен мәндердің көрсетілген ортасы; Орта мен бағандардың тізіміндегі барлық сандық мәндерден есептеледі;
- “Алғашкы 10...” — осы элементтің терезесін шакырады (11.9-сурет).

Бұл терезеде қандай элементтерді көрсетуге болады: ең үлкен немесе ең кіші? Егер сонғы өрістегі “тізім элементтері” таңдалса, қандай элементтердің саны көрсетіледі? Егер “Элементтер санының %” таңдалса, онда екінші мән берілген пайызды орнатады. Тізімде 10 мән болса, ең жоғары (немесе ең төменгі) мән



11.9-сурет. Алғашқы сандық сүзгі

тандалады. Ал тізімде 1000 мән болса, онда бірінші немесе соңғы 100 мән тандалады.

Егер Күн мен уақыт түріндегі деректер болса, онда сүзгілерді күні (дата) бойынша колдануга болады:

- барлық жазбалар берілген мерзімде көрсетіледі;
- барлық жазбалар көрсетілгеннен кейін, аталған мерзім шығарылады;
- алдымен барлық жазбалар арасындағы диапазонда көрсетілген күндер бойынша шығарылады.

Сүзгілердің уақытқа орай басқа да шарттары бар: берілген уақыттың барлық күндері, жыл басынан, өткен аптада және т.б.

Бақылау сұрақтары



1. Кестені сұрыптау калай орындалады?
2. Деректер кестесінің кандай сипаттамалары бар?
3. Деректерді бірнеше критерий (талаптар) бойынша калай сұрыптауға болады?

Практикалық жұмыс

А деңгейі

Кестедегі деректерді сұрыптау:

1. "MS Excel" бағдарламасын ашындар.
2. "Күн жүйесі.xls" құжатын ашындар.
3. Деректерді "Ғаламшарлар" бағаны бойынша өсу тәртібімен сұрыптаңдар. Сұрыптау нәтижесін 2-паракқа көшіріндер.
4. Деректерді "Арақашыктық" бағаны бойынша кему тәртібімен сұрыптаңдар. Сұрыптау нәтижесін 2-паракқа көшіріндер.
5. 2-парап "Ғаламшар", 3-парап — "Арақашыктық" деп аталауды.

В деңгейі

Мәтіндік, сандық және т.б. деректер үшін сұрыптау мен сұзуден өткізуі бірнеше критерийлер бойынша колданындар.

С деңгейі

Зерттеу жұмысын жүргізіп, қарапайым және құрамдас сұзгілер арасындағы айырмашылықты аныктандар. Нәтижесін 11.1-кестесіне жазындар.

11.1- кесте

Қарапайым сұзгі		Құрамдас сұзгі	
Шарты	Ерекшелігі	Шарты	Ерекшелігі

Рефлексия:

Менің білгенім Енді мен ... колдана аламын.

§13

Мәліметтер қорымен жұмыс істеу

Бұгінгі сабакта:

- электрондық кестеде мәліметтер қорын құру;
- мәліметтерді іздеуді, сұрыптауды және сұзуді жүзеге асыруды үйренесіндер.

Tірек үғымдар:

- мәліметтер қоры;
- еріс;
- критерий;
- функция;
- функция аргументі.

MS Excel бағдарламасында мәліметтер қорларымен жұмыс істегендеге, функциялар, тізімдер немесе мәліметтер қорының деректерін талдау үшін пайдаланылады. МК функциясы деп жалпы атауы бар әрбір функцияның үш аргументі пайдаланылады:

- мәліметтер қоры;
- еріс;
- критерийлер (талаптар).

Бұл аргументтер осы функциямен пайдаланылатын жұмыс параметрлердегі ұяшық аралыктарына сілтеме жасайды.

MS Excel бағдарламасында мәліметтер қорларымен жұмыс істеуге арналған 13 функция бар.



Мәліметтер қорының синтаксисі;
МК функциясы (мәліметтер қоры; өріс; критерийлер (тапттар)).

Критерий деп берілген шарттарды қамтитын ұяшықтар аралығын айтады.

Теменде деректер қорының кейбір функцияларын көлтірілген:

- ДСРЗНАЧ функциясы — тізім бағанындағы мәндердің орташа мәнін табады;
- БСЧЕТ функциясы — тізім бағанындағы ұяшыктар санын есептейді;
- БСЧЕТА функциясы — тізімнің бағанындағы бос емес ұяшыктардың санын есептейді.

Практикалық тапсырмаларды орындаған кезде басқа да функциялармен танысадындар.

Практикалық жұмыс

А деңгейі

13.1-кестені толтырындар. Тапсырманы орындау үшін интернет ресурстарын пайдаланындар.

13.1- кесте

МК функциялар атауы	МК функциялардың тағайындалуы
ДСРЗНАЧ	
БСЧЁТ	
БСЧЁТА	
БИЗВЛЕЧЬ	
ДМАКС	
ДМИН	
БДПРОИЗВЕД	
ДСТАНДОТКЛ	
ДСТАНДОТКЛП	
БДСУММ	
БДДИСП	
БДДИСПП	

В деңгейі

Берілген мәліметтер корын алфавиттік ретпен сұрыптаңдар:

	A	B	C	D
1	Аты-жөні	Еңбекакы, тенге	Жасы	Белім
2	Ахметов А.А.	150 000	45	бухгалтерия
3	Смирнов Е.В.	120 000	28	өндіріс
4	Жакеев С.К.	100 000	21	бухгалтерия
5	Еремеева С.С.	180 000	50	қойма
6	Болатбек Е.С.	100 000	23	өндіріс
7	Низамутдинов В.К.	100 000	24	өндіріс
8	Жабагин С.М.	120 000	29	бухгалтерия
9	Гордянова Г.В.	120 000	33	қойма

13.2-сурет

Жазбаларды сұрыптаңдар:

- “Аты-жөні” өрісін өсу ретімен сұрыптаңдар.
- “Еңбекакы” өрісі бойынша, ал содан кейін “Жасы” өрісі бойынша кему ретімен сұрыптаңдар.
- “Еңбекакы”, “Жасы” және “Белім” өрістерін өсу ретімен сұрыптаңдар.

С деңгейі

Келесі шарт қанша жазбаларда орындалады:

“Белім” = Есепші және “Жасы” < 40?

Рефлексия:

Менің білгенім Енді мен ... колдана аламын.

Python бағдарламалау тілінде бағдарламалау алгоритмі

**4-
ТАРАУ**

Бұл тараудан білесіндер:

- ▶ бағдарламалаудағы бірелшемді массивтер;
- ▶ бірелшемлі массивтің косымша әдістері;
- ▶ массивте элементтерді іздеу;
- ▶ массивте элементтерді іздеу және орнын ауыстыру.

Мынаны үйренесіндер:

- ▶ бірелшемді массивті пайдалану;
- ▶ бірелшемді массивті пайдаланып есептер шығаруды.

§14

Бірелшемді массив

Бүгінгі сабакта:

Бірелшемді массивтерді пайдалана отырып, Python бағдарламалау тілінде бағдарламалар жасауды үйренесіндер.

Tірек үғымдар:

массив;
айнымалы;
индекс;
массив элементі.

Қазіргі компьютерлердің негізгі мақсаты — көптеген деректерді өндеу. Бұл ретте мындаған (немесе миллиондаған) ұяшықтағы деректердің әркайсыына хабарласу керек. Эрбір ұяшыққа өз атын беру ете күн әрі шатастырмау кажет. Бұл жағдайда жеке ұяшыққа емес, әрбір ұяшықтың жеке нөмірі бар ұяшыктар тобына атау береді. Бұл жады аймағы **массив** (немесе кесте) деп аталады.



Массив — ортақ аты бар жадта (көрші ұяшыктарда) орналаскан бір түрдегі айнымалы топ. Массивтегі әрбір ұяшықтың бірегей нөмірі бар.

Массивтермен жұмыс істеу үшін ең алдымен мыналарды үйрену керек:


- кажетті көлемді жадты массивте көрсету;
- деректерді кажетті ұяшыкка жазу;
- массив ұяшығынан деректерді оку.

Python тілінде “массив” сиякты құрылым жок. Оның орнына бір типті нысандар тобын сактау үшін тізімдер (list деректер түрі) пайдаланылады.

Python-тізімі — бұл әртүрлі нөмірі (индексі) бар элементтер жиынтығы және нөміргеу әрдайын нөлден басталады.

Бағдарламалау тілдерінің көпшілігінде, карапайым массивтерге қарағанда, тізім — динамикалық құрылымда, оның өлшемін бағдарламаны орындау кезінде өзгертуге болады (элементтерді жою және қосу).

Күн сайын компьютерге орнатылған колданбалы қосымшалар арқылы секундына миллионнан астам деректерді өндейсіндер. Мысалы, “Карталар” қосымшасында бізге қолайлы маршрутты (жолды) іздеу барысында қандай жолдар жақын екенін, олардың қалай киылышатынын, кажетті ғимараттың кай жерде орналасқанын нұскайтын көптеген айнымалылар колданылады. Осы айнымалы мәндерді ескере отырып, “Карта” қосымшасы қолайлы маршрутты (жолды) табады (14.1-сурет) .



14.1-сурет. “Карта” қосымшасы



Компьютерлердегі қосымшалар көптеген деректермен қалай жылдам жұмыс істейді?

Бағдарламалау кезінде кейбір мәндерді сактау үшін айнымалылар колданылады. Мысалы, Python-да:

`name = "Adilhan"`

Әділхан есімін `name` айнымалысына сактаймыз. Бағдарламалау кезінде кейбір мәндерді кейін қолдану үшін сактайды. Егер бір мақсатпен сакталған мәндер көп болса, оларды қалай сактаута болады? Бағдарламауга әрбір мән үшін жеке айнымалы құру кын емес пе? Мысалы, егер сендер 5 атауды пайдаланатын болсандар, онда:

`name1 = "Adilhan"`

`name2 = "Dias"`

`name3 = "Dariga"`

`name4 = "Nurbahyt"`

`name5 = "Aruzhan"`

Егер тізім есе түссе, әрбір жана атау үшін жеке айнымалы құру керек. Компьютерлер үлкен, кейде тіпті, миллиардтаған мәндермен жұмыс істейді.

Мұндай кындықтарды болдырмау үшін, бағдарламалауда деректер массивін жасау мүмкіндігі бар. Массив бір типтегі немесе бір мақсаттағы мәндердің жиынын сактайты.

Мысалы, егер сендер бес атаудан тұратын мәндерді сактасандар келсе, онда:

`names = ["Adilhan", "Dias", "Dariga", "Nurbahyt", "Aruzhan"]`

Осылайша бес атаудан тұратын массив құрасындар. Python бағдарламалау тілінде, айнымалылар мәтін, сандық мән және нысан сияқты деректердің түрлерін сактай алады. Жоғарыда көрсетілген жағдайда `names` айнымалысы Python-да list/тізім (список) деген атпен белгілі массив нысандарын сактайты.



Массив/Тізім [] жақшаларымен белгіленеді. Барлық тік жақшалардың [] ішіндегі мәндер массивтің элементтері болып табылады.

Python-дағы массив элементтерін көрсету үшін `print` командасы пайдаланылады. Мысалы:

```
names = ["Adilhan", "Dias", "Dariga", "Nurbahyt", "Aruzhan"]
print(names)
```

Нәтиже:

```
["Adilhan", "Dias", "Dariga", "Nurbahyt", "Aruzhan"]
```

 Эрбір массив элементтің жеке мекенжайы, сонымен катарап оны көрсету немесе пайдалану үшін элемент индексі болады. Егер массив күрган болсак, онда тік жақшаларды одан әрі пайдалану массивтің кейбір индекс элементтерін колдануға болатынын көрсетеді.

Массив элементтерінің индексі нөлден басталады. Индекті массивті пайдалану үшін мысалы:

```
names = ["Adilhan", "Dias", "Dariga", "Nurbahyt", "Aruzhan"]
print(names[0])
```

Нәтиже:

```
Adilhan
```

Жоғарыдағы мысалда *names* массивінің бірінші атауы қалай бейнеленетінін көрдіңдер.

Мысалы:

```
names = ["Adilhan", "Dias", "Dariga", "Nurbahyt", "Aruzhan"]
starosta = names[2]
print(starosta)
```

Нәтиже:

```
Dariga
```

Жоғарыда келтірілген мысалдан массивтің үшінші атауын *starosta* айнымалысында сактадындар. Содан кейін осы айнымалының мәнін көрсетейік.

Мысалы:

```
names = ["Adilhan", "Dias", "Dariga", "Nurbahyt", "Aruzhan"]
names[3] = "Daniyar"
print(names)
```

Нәтиже:

```
["Adilhan", "Dias", "Dariga", "Daniyar", "Aruzhan"]
```

Жоғарыда келтірілген мысалда массивтің төртінші элементінің мәнін Даниярга ауыстырыдык.

БҮЛ ҚЫЗЫҚ!

Python бағдарламалау тілінде бір индекс мәнінің орнына мәндер ауқымын пайдалануға болады. Мысалы, 2-ден 5-ке дейінгі элементтерді көрсету керек болса, онда келесідей жазамыз:

```
print(names[1:4])
```

Егер 3-тен соңғы мәнге дейін көрсеткілерін келсе, келесідей жазамыз:

```
print(names[2:])
```

4-атаудың алдындағы барлық атауларды көрсету үшін:

```
print(names[:3])
```

Сондай-ак Python бағдарламалау тілінде теріс мәнді индексті көрсетуге болады. Бұл жағдайда ол массивтің сонындағы элементтерден бастап көрсетеді. Мысалы:

```
print(names[-1])
```



Бақылау сұрақтары



1. Массивті қалай күрады?
2. Массив не үшін қажет?
3. Массивтің кейбір элементін қалай көрсетуге болады?
4. Басқа мән беру арқылы массив элементін қалай өзгертуге болады?

Практикум

А деңгейі

1. Еліміздегі кез келген 6 қаланың атын массивке енгізіндер.
2. Массивті көрсетіндер.
3. Массивтен екінші қаланы көрсетіндер.
4. Массивтен соңғы қаланы көрсетіндер.
5. *Нұр-Сұттан* деген айнымалы құрып, сол массивке атын сактандар.

В деңгейі

1. б саннан тұратын массив күрындар.
2. Массивтегі бірдей сандарды көрсетіндер.

С деңгейі

1. Массивтегі бірінші және соңғы санның орындарын ауыстырындар.
2. Массивке тағы бір сан косындар.

Рефлексия:

Менің білгенім Енді мен ... колдана аламын.

§15-16

Белгіленген сипаттары бар элементті іздеу

Бұгінгі сабакта:

Тірек үғымдар:

- Бағдарламаны өндеудің кіріктірілген ортасында бірөлшемді массивті колдана отырып бағдарламаны курастыруды үйренесіндер

- элемент;
- массив;
- айнымалы.



Мәліметтер қорында іздеуді қалай орындаіды?

Массивте элемент іздеу. Косымшаны бағдарламалау кезінде программистерде деректер массивінде белгілі бір мәндерді табу туралы сұрап туындаиды. Мысалы, пайдаланушыны белгілі логиннің көмегімен немесе тұған күндерінің сәйкестігі бойынша анықтау.

Массивтегі іздеудің логикалық іске асуын қарастырайық. Мысалы, келесі бағдарламаны жазып, сандар массивінде 3 санын табайык.

Біріншіден, деректер массивін жариялайсындар:

a = []

Деректердің бос массивін күрып, содан кейін оны сандармен толтырасындар:

a += [int (i) for i in input().split()]

Бірөлшемді массивте іздеуді орындау үшін ізделінетін санды массивтің барлық сандарымен салыстыру жеткілікті :

```
for i in a:
    if i == 3:
        print("YES")
        break
```

Бұл мысалда егер 3 саны массивте бар болса, "YES" жауабы шығады.

Алдыңғы сабакта талқылағанымыздай, Python-да программистің жұмысын жөнілдететін көптеген дайын функциялар бар. Олардың бірі — массивтің элементін іздеу функциясы. 3 саны массивте бар екенін іздеуді келесідей ретте іске асыруға болады:

```
if 3 in a:
    print("YES")
```

"3 in a" өрнегі a массивінде 3 саны бар немесе жоқ екенін көрсетеді. Және бұл өрнек егер дұрыс болса true, жалған болса false мәндерін қайтарады.

Егер берілген санның массивте кай орында тұрғанын анықтау үшін келсе, index() функциясы колданылады. Бұл функция егер іздең отырган элемент массивте бар болса, оның индексін, әйтпесе қателікті қайтарады. Мысалы,

```
a = [int(i) for i in input().split()]
if 3 in a:
    print(a.index(3))
```

Бағдарлама қателіктің қайталануына жол бермеу үшін алдымен массивте берілген санның бар-жоғын тексеріп, содан кейін осы элементтің индексін массивтен шыгарады .

Бақылау сұрақтары



- Массивте элементті логикалық түрде қалай іздеуге болады?
- Массивте элементтің бар-жоғын тексеру Python-да кандай әдіспен іске асырылады?
- Элемент массивте бар болса, элемент индексін қайтару қалай жүзеге асырылады?

Есеп шығару мысалы

N сандарының массиві берілген. Массивтен ең үлкен элементті табындар. Бірінші жолда N саны, ал екінші жолда N сандар берілген.

Енгізу	Нәтиже
8	7
1 6 5 7 3 2 4 5	

Алдымен N санын енгізіндер:

```
n = int( input() )
```

Содан кейін, N санынан тұратын массив құрындар:

```
a = [ int( i ) for i in input().split() ]
```

Сол сияқты массивтен логикалық түрде анықталған және ең максимал элементті (максимал) іздейік . Ол үшін ең максимал элементті сактайтын mx айнымалыны құрындар . Бірінші кадамда массивтің бірінші элементінің мәнін максимал ретінде құрылған mx айнымалыда сактандар :

```
mx = a[0]
for i in a:
    if i > mx:
        mx = i
print(mx)
```

Осылайша егер mx айнымалысының ағымдағы мәнінен үлкен элемент тапсак , онда mx мәнін үлкенине өзгертіндер .

 Python- да массивтің ең максимал (максимум) және ең минимал (минимум) мәндерін табуга арналған стандартты функциялар бар: `max` және `min`. Мысалы :

```
print (max(a))
```

a сандар массивінің ең максимал (максимум) мәнін басып шығарады:

```
print (min(a)),
```

a сандар массивінің ең минимал (минимум) мәнін басып шығарады.

Сол сияқты массив сандарының қосындысын есептейтін `sum` функциясы бар.

Практикалық жұмыс

A деңгейі

Келесі бағдарламаны күрындар:

1. Бірінші кіріс жолына N санын енгізіндер .
2. Екінші кіріс жолына N сандарын енгізу арқылы массив күрындар .
3. Ушінші кіріс жолына K санын енгізіндер .
4. Массивте K санын іздендер . Егер бұл сан массивте болса, “YES”, әйтпесе “NO” сөздерін басып шыгарындар .

Егер K саны екінші шығыс жолында болса, массивте қанша сан бар екенін басып шыгарындар .

1-мисал.

Енгізу	Нәтиже
5	NO
3 4 6 7 10	
5	

2-мисал.

Енгізу	Нәтиже
6	YES
10 12 3 4 3 5	2
3	

B деңгейі

Массивтен K санына ен жакын санды іздейтін бағдарламаны күрындар. Бірінші жолда N саны, екінші жолда N сандары, ушінші жолда K саны берілген. Егер массивте K саны жоқ болса, онда массивтің сонына K санын қосу арқылы массивтің ұзындығын басып шыгарындар.

1-мисал.

Енгізу	Нәтиже
5	0
4 3 2 4 5	
4	

2-мисал.

Енгізу	Нәтиже
6	3
1 2 3 4 5 6	
4	

3-мысал.

Енгізу	Нәтиже
6	6
1 2 3 4 5 6	
7	

С деңгейі

Массивте K санының соңғы позициясын іздейтін бағдарлама күрындар. Бірінші жолда N саны, ал екінші жолда N сандары, ал үшінші жолда K саны берілген. Егер массивте K саны жок болса, онда массивтің соңына K санын қосу арқылы массивтің ұзындығын басып шығарындар.

1-мысал.

Енгізу	Нәтиже
5	3
4 3 2 4 5	
4	

2-мысал.

Енгізу	Нәтиже
6	4
1 2 3 3 3 6	
3	

3-мысал.

Енгізу	Нәтиже
6	6
1 2 3 4 5 6	
7	

Қосымша тапсырма

Есеп. Әділхан Диасқа 1-ден 100-ге дейінгі сандардың біреуін жасырды. Диас Әділханга жауаптын нұскаларын ұсынды. Әділхан әр жолы жауаптарды көп немесе аз дейді. Осы жағдайда, Диас жауапты қашан және қалай беретінін аныктандар?

Алгоритмді Python-ды бағдарламалада тілінде орындандар.

Рефлексия:

Менің білгенім Енді мен ... колдана аламын.

§17 Элементтердің орнын ауыстыру

Бүгінгі сабакта:

- ▶ массивте элементтердің орнын алмастыру әдістерін үйренесіндер.

Тірек үғымдар:

- ▶ массив;
- ▶ айнымалы.



Массивте элементтердің орнын алмастыруды қалай жүзеге асыруға болады?

Программистер жіп пайдаланатын операциялардың бірі — массив ішіндегі элементтердің орнын алмастыру. Бұл операция массивте элементтерді сұрыптау кезінде жіп қолданылады.

Массивте элементтердің орнын алмастыру мысалдарын қарастырайық . 1-мысал .

```
numbers = [ 3, 4, 10, 23, 21, 15 ]
```

Үшінші элемент пен бесінші элементтің орнын ауыстырсақ, соган сәйкес айнымалылардың мәндерін ауыстыру жүзеге асырылады. Уақытша сақтау функциясын орындастырып үшінші айнымалы пайдаланылады:

```
num1 = 5
num2 = 10
temp = num1
num1 = num2
num2 = temp
```

Тек осы жағдайда ғана массивтің индекстері мен элементтерін пайдаланасындар:

```
temp = numbers[2]
numbers[2] = numbers[4]
numbers[4] = temp
```

Python бағдарламалау тілінде массив элементтерін көрі тәртіпте кайта реттейтін функцияны *reverse()* деп атайды.

Мысалы, келесі сандар массивін алындар:

```
numbers = [ 1, 32, 21, 34, 4, 23]
```

Енді *reverse()* функциясын колданып массивті басып шығарайық:

```
numbers.reverse()
for i in numbers:
    print(i, end=" ")
```

2-мысал. N саннан тұратын массив берілген. Массивтің барлық элементтерінің оң жағына циклдік аудиосын орындау керек.

Енгізу	Нәтиже
6	4 5 6 8 7 9
9 4 5 6 8 7	

Алдымен N саннан тұратын массивті келесідей күрүндар:

```
N = int( input() )
nums = [ int(i) for i in input().split() ]
```

Енді циклді пайдаланып, массивтің көрші элементтерінің орындарын алмастырайық. Оны массивтің соңынан бастаймыз. Демек, бізге массивтегі соңғы элементті көрші элементтермен алмастыру арқылы жылжыту керек:

```
for i in range( N-1, 0, -1 ):
    temp = nums[ i-1 ]
    nums[ i-1 ] = nums[ i ]
    nums[ i ] = temp
```

Енді массивті басып шыгарындар:

```
for i in nums:
    print(i, end=" ")
```

Бақылау сұрақтары



- Массивте элементтердің орнын алмастыру ды қалай жүзеге асыруға болады?
- Python бағдарламалау тілінде қандай функцияның элементтерін көрі тәртіппен қайта реттейді?

Практикалық жұмыс

А деңгей!

- N саннан тұратын массив берілген. *Reverse ()* функциясын пайдаланбай, массив элементтерін көрі ретпен қайта күрүндар.

Енгізу	Нәтиже
7	8 9 7 3 2 6 4
4 6 2 3 7 9 8	

2. N саннан тұратын массив берілген. Максимал және минимал элементтердің орнын ауыстырындар. Массивті бір жолға шығарындар.

В деңгейі

1. N саннан тұратын массив берілген. Массивте элементтерді K элементке он жакка жылжытып, оны басып шығарындар. Бірінші жолда N саны, екінші жолда N сандары берілген. Соңғысы K саны.

1-мысал.

Енгізу	Нәтиже
6	2 8 9 4 6 3
4 6 3 2 8 9	
3	

2-мысал.

Енгізу	Нәтиже
8	4 10 23 45 78 1 2 3
23 45 78 1 2 3 4 10	
2	

2. Келесі бағдарламаны жазып, N сандарының массивін күрүндар. Содан кейін массивтегі әрбір көршілес элементтердің төмендегідей орнын алмастырындар:

($A[0]$ -ді $A[1]$ -мен, $A[2]$ -ні $A[3]$ -пен және әрі қарай т.с.с.).

Енгізу	Нәтиже
8	5 7 4 6 8 7 1 9
7 5 6 4 7 8 9 1	

С деңгейі

1. Алдыңғы есепті элементтердің орнын алмастыру кезінде қосымша айнымалыны пайдаланбай қайта шешіндер.

Мысал.

Енгізу	Нәтиже
8	5 7 4 6 8 7 1 9
7 5 6 4 7 8 9 1	

2. Бүтін сандардың тізімі берілген. Нөлдік емес элементтердің ретін өзгертуей тізімнің сол жағына, ал барлық нөлдік элементтерді он жағына орналастыру арқылы тізімді “ығыстыру” кажет. Нөлдік емес элементтердің орналасу ретін өзгертуге және косымша тізім пайдалануға болмайды.

Енгізу
4 0 5 0 3 0 0 5

Нәтиже
4 5 3 5 0 0 0 0

Рефлексия:

Менің білгенім Енді мен ... колдана аламын.

§18-19 Екіөлшемді массив

Бұгінгі сабакта:

- Python бағдарламалау тілінде екіөлшемді массивті колданып, программа жазуды;
- массивте итерация колдануды үйренесіндер.

Тірек үғымдар:

- екіөлшемді массив;
- матрица;
- итерация.



Екіөлшемді массив дегеніміз не?

Екіөлшемді массивті кесте түрінде ұсынуға болады. Кестенін әрбір үяшығында жолдың және бағанның нөмірі бар. Демек, әрбір үяшық тізім сияқты бір нөмір емес, екі нөмірге ие: жол нөмірі және баған нөмірі. Мұндай тізімдер *екіөлшемді* деп аталады. Ал математикада мұндай күрылым “*матрицалар*” деп аталады.



Массив өлишемі — массив шегінде элементті бірмәнді индекстеуге қажетті индекстер саны.

4 x 3 өлишемді матрица мысалын карастырайық:

```
matrix = [[-1, 0, 1],
          [-1, 0, 1],
          [0, 1, -1],
          [1, 1, -1]]
```

Бұл операторды бір жолға жазуға болады:

```
matrix = [[-1, 0, 1], [-1, 0, 1], [0, 1, -1], [1, 1, -1]]
```

Екіөлшемді массивті бір оператормен шығаруға болады:

```
print(matrix)
```

Осы тәсілдің кемшілігі — элементтерді алдын ала өндейтін мүмкіндіктің болмауы.

Нәтиже: [[-1, 0, 1], [-1, 0, 1], [0, 1, -1], [1, 1, -1]]



Нақты элементке қалай жазуға болады?

Мысалдар қарастырайық:

```
a = [[1,2,3],[4,5,6]]
print (a[0])
print (a[1])
print (a[0][0],a[0][1],a[0][2])
```

Нәтиже:

```
C:\Programs\Python\Python36-32\python.exe
[1, 2, 3]
[4, 5, 6]
1 2 3
Process finished with exit code 0
```

Келесі мысалды қарастырайық.

```
a = [[1,2,3],[4,5,6]]
print (a[0])
print (a[1])
print (a[0][0],a[0][1],a[0][2])
print(len(a))
print(len(a[0]))
```

Бұл мысалда *a[0]* — бірінші жол, *len(a)* функциясы — жолдар саны, *len(a[0])* — бірінші жолдағы элементтер (бағандар) саны.

Нәтиже:

```
C:\Programs\Python\Python36-32\python.exe
[1, 2, 3]
[4, 5, 6]
1 2 3
2
3
Process finished with exit code 0
```

Тізімді өндеу мен шығару үшін салынған екі цикл қолданылады. Бірінші цикл жол нөмірі бойынша, екінші цикл жолдың ішіндегі элементтер бойынша. Мысалы, сандарды бір жолдың ішінде бос орындармен бөліп, екіелшемді сандық тізімді экранға жолдаш шығаруға болады:

```
for i in range(len(A)):
    for j in range(len(A[i])):
        print(A[i][j], end = ' ')
    print()
```

Демек, циклдер индексі бойынша емес, тізім мәні бойынша қолданылады:

```
for row in A:
    for elem in row:
        print(elem, end = ' ')
    print()
```

Сонымен қатар бір жолды шығару үшін **join** әдісін қолдануга болады:

```
join:
for row in A:
print(' '.join(list(map(str, row))))
```

Әрине, массивті қолмен толтыру және шығару колайсыз. Массивті кездейсок сандармен толтыру үшін келесі алгоритм қолданылады:

```
1 import random
2 for i in range(N):
3     for j in range(M):
4         matrix[i][j] = random.randint(30, 60)
5         print('{:4d}'.format(matrix[i][j]), end = '')
```



Екіелшемді массив элементтерін белгілеу бірелешмді массив элементтері сиякты нөлден басталады.

Мысалы, `matrix[2][3]` — төртінші баған үшінші жолдың элементі.

Келесі мысалды карастырайық. 10 мен 99 сандарының аралығындағы сандарды толтырып, экранға шығарындар:

```
a = [] # бос тізім кұрастырындар
k = 10 # бастапқы мән, кез келген болуы мүмкін
for r in range(9): # 9 жол
    a.append([]) # бос жол кұрастырындар
```

```

for c in range(10): # әрбір жолда 10 элемент
    a[r].append(k) # кезекті элементті жолға қосындар
    k += 1 # есептеуіш мәнін арттырындар
for r in a:
    print(r)

```


Нәтиже:

```

C:\Programs\Python\Python36-32\python.exe
[10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19]
[20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29]
[30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39]
[40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49]
[50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59]
[60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69]
[70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79]
[80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89]
[90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99]

```

Матрица элементтерін өндөу. N жолдар мен N бағандардан тұратын A квадрат матрицасының кейбір элементтерін қалай өндөуге (мысалы, қосу) болатынын қарастырайық. 18.1, *a*-суретте матрицаның басты диагоналі, 18.1, *ə*-суретте екінші (жанама) диагоналі, 18.1, *б*-суретте басты диагональ және оның астында барлық элементтер көрсетілген.



18.1-сурет

Басты диагональ — $A[0,0], A[1,1], \dots, A[N-1, N-1]$ элементтері, яғни жол немірі баған неміріне тең. Бұл элементтерді тандау үшін бір цикл кажет:

```

for i in range(N):
    # A[i][i] жұмыс істейміз.

```

Жанама диагональ элементтері — $A[0, N-1]$, $A[1, N-2]$, … , $A[N-1, 0]$. Эрбір элемент үшін жол нөмірі мен бағанның сомасы $N-1$ тен, сондыктан тандау циклін аламыз:

```
for i in range(N):
    # A[i][N-1-i] жұмыс істейміз
```

Осы жағдайда (барлық элементтерді басты диагональда және оның астында өндөу) салынған цикл кажет: жол нөмірі 0-ден $N - 1$ -ге дейін, ал әрбір жол үшін баған нөмірі i -0-ден i -ге дейін өзгереді:

```
for i in range(N):
    for j in range(i+1):
        # A[i][j] жұмыс істейміз
```

Матрица бағандарын аудыстыру үшін бір цикл жеткілікті. Мысалы, 2 және 4 бағандарын қосалкы сайнымалысымен аудыстырамыз:

```
for i in range(N):
    c = A[i][2]
    A[i][2] = A[i][4]
    A[i][4] = c
```

немесе Python мүмкіндіктерін колданамыз:

```
for i in range(N):
    A[i][2], A[i][4] = A[i][4], A[i][2]
```

$A[i]$ — бұл i жол элементтерінің тізіміне сілтемесі екенін еске ре отырып, екі жолды циклсіз аудыстыруға болады. Сондыктан сілтемелерді аудыстыру жеткілікті. Оператор

```
A[i], A[j] = A[j], A[i]
```

i және j нөмірлері бар матрица жолдарын аудыстырады.

i нөмірлі жолдың көшірмесін жасау үшін бұлай жасауға болмайды:

```
R = A[i]
```

Оның орнына жады көшірмесін жасау керек:

```
R = A[i][:]
```

j нөмірі бар бағанның көшірмесін салу біршама кын, себебі матрица жадында жолдар бойынша орналаскан. Бұл тапсырмада генераторды пайдалану ынгайлы:

```
C = [row[j] for row in A]
```

Циклде A матрицасының барлық жолдары іріктеледі, олар кезекпен айнымалы row-ға түседі. Генератор әрбір жолдан j нөмірімен элементті таңдайды және осы мәндердің тізімін жасайды.

